

# П И О Н Е Р



МАРТ

1956 ЖЫЛ

№3





## ҚУАН, АНА!

Мейірімен баурап алған  
Ұқсап ана нәбізіне,  
Сығалайды календарьдан —  
Март айының сәгізі де!

Қарт анамның жарасымды,  
Оралымды қыймылым-ай!  
Күлім қағып қарасы да  
Еркіндіктің символындай.

Қастерлейтін ана күнін  
Дәстүріміз мәңгі біздің,  
Ексе құмға дала гүлім, —  
Сенің ұлын, сенің қызың.

Ағылшындық, неміс, болгар,  
Мейлі анасы ұлы қытай,  
Индиялық адал жандар  
Шын жүректен деген: «Бхай!»

Болмаса да тілдері бір,  
Болмаса да жүздері ұқсас,  
Нәксерені бейбіт өмір!  
Ойлары ұқсас, үндері ұқсас.

Дейді:

«Бала бесігімен  
Күле берсе езу тартып,  
Март айлары есігімнен  
Кіре берсе,


кеңіл шөлқып!

Еркіндіктің әсем әні  
Құйқылжыса тербеп жанды,  
Бақыт толы ғасырларды,  
Тұрсаң қарсы ап алтын танды!»

Қарт анамның жарасымды,  
Оралымды қыймылым-ай!  
Күлім қағып қарасы да —  
Еркіндіктің символындай.

Қуан, ана! Ұрпағыңа,  
Қуаныңда бар той ханды!  
Аян болып тұр тағы да  
Оның даңқын — сенің даңқың!

МЫНБАЙ РАШЕВ.







# ПИОНЕР

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы


№ 3

МАРТ

1956 жыл

Шығуына 18 жыл.

Айына бір рет шығады.



Павлодар. Комбайн заводы құрылысының сыртқы көрінісі.

## Коммунизм жолымен

Балалар, жақында Совет Одағы Коммунистік партиясының XX съезі салтанатпен өтті. Съезге сендердің құрдастарың, Москва пионерлері, салют берді. Еліміздің жаңа, алтыншы бесжылдық жоспары осы съезде талқыланды.

Сендер өз еліңе, ондағы әрбір қала мен селоға көз салып қараңдаршы. Жылда өсіп, өркендеп, көркейіп келе жатқан жоқ па! Біздегі өткен әр күн, әр сағат еңбек қуанышына толы. Ал, байлық пен дәулетті жасаушы еңбек иесі халықтың өзі. Осыны көріп өзіңнің советтік ұлы Отаныңда өмір сүргеніңе зор мақтаныш етесің.

Елімізде жеңіспен, табыспен аяқталған бесінші бесжылдық бізді коммунизмге қарай тағы да бір қадам жақындата түсті. Ұлы Отанымыздың күш-қуаты бұрынғыдан да нығайып, дүние жүзінде беделі артты.

Енді, міне, алдағы бес жылға тағы да күрделі-күрделі істер белгіленіп, жаңа жоспар жасалды. Бұл 1956—1960 жылдардың бойында, бес жыл ішінде жүзеге асырылады. Жоспарда жаңадан салынатын алып заводтар мен шахталар ғана, оларда өндірілетін металдар мен көмірлер ғана белгі-

леніп қойған емес. Онда сенің жазатын дәптерін, қаламың, тебетін конькиің, шаңғың, бұларға кететін қағаз бен ағаштың, болаттың, мөлшеріне шейін есепке алынған.

Олай болса, алдағы күнге көз жүгіртіп, ой жіберейік. Әлі-ақ кеш болысымен, Волга бойында жарық жұлдыз қаптайды. Ол не? Ол Куйбышев, Сталинград, Горький СЭС-терінің оттары — Ильичтің арман еткен коммунизм оттары.


Мұндай оттар әр жерде, әр өзеннің бойында, әр үйдің ішінде, әр бағанның басында жарқырайды. Ол оттар бұлқына аққан асау Ангарадағы Иркутск, Братск, Камадағы Воткино, Обтағы Новосибирск, Енисейдегі Красноярск және Днепродзержинск сыяқты көптеген су электр станцияларынан тарайды. Осының арқасында электр талай машиналардың жүрегін соқтырып қана қоймай, шаруашылықтың талай мұқтажын өтейді. Фермаларда малдың автоматпен суарылып, электрмен сауылатыны, қойдың электр қырықтықпен қырқылатыны, тағы тағылары енді бізге таңсық емес. Жұмысшылар мен колхозшылардың үй тұрмысында да электр көп қолданылады. Тұңғыш рет атом станциясын



салып, еліміздің даңқын дүниежүзіне танытқанбыз. Ал, осы бесжылдықта атом қуаты кейбір мақсаттарға едәуір мол жұмсалады. Бес жыл ішінде жалпы қуаты 2—2,5 миллион киловаттық атом электр станциялары салынады. Атом қуаты өнеркәсіпке, ауыл шаруашылығына, транспортқа, медицинаға, ғылыми-зерттеу істеріне, тағы басқа халықтық маңызы зор көптеген істерге пайдаланылады. Атомдық двигательді ледоколдар жасалады.

Міне, біздің бұл игілікті істеріміз достарымызды сүйіндіреді, дұшпандарымызды күйіндіреді. Сондықтан да көре алмаған жаулар атом бомбасымен қорқытпақ болды. Бірақ атом қолда тұрғанда ол бомбадан біз қорқа алмаймыз.

Алтыншы бесжылдықтың орасан зор міндеттерін жүзеге асыруда совет адамдарының ең сенімді, тамаша көмекшісі бар. Ол — машина. Машина атқармайтын жұмыс бар ма, достар! Ол шахтаға түсіп кен де қазады, егін де орады. Қажетті барлық заттар машинамен жасалады. Сендердің үстеріңдегі барлық киім машинамен тігіледі, машинамен тоқылады. Аяқтарыңдағы конькиді де әрі жылтыр, әрі ұшқыр етіп машина жасаған. Шаңғыларыңды да ағаштан кесіп, жонып, сүргілеп, теп-тегіс етіп жасап шыққан машина. Ал, қазіргі оқып отырған өздеріңнің осы журналдарың ше? Ол да машинада басып шығарылған. Кейбір машиналар бір минуттың ішінде 5000 данаға шейін газеттер басып шығарады. Біздің заманымызда машина адам үшін қызмет етеді. Оны құрметте, тіліне үйрен, жетіл, серік қыл, жас достар!



Бұхтарма су электр станциясының құрылысында.

Жаңа бесжылдықта машина жасау өнеркәсібі бұрынғыдан да кең өрістейді. Поезд келе жатқанда сен алдымен түтіні будақтаған паровозға қараушы ең. Енді оны бекерге іздеме. Алтыншы бесжылдықта магистральдық паровоздар жасап шығару тоқтатылады. Оның орнын электровоздар мен тепловоздар, газотрубовоздар басады.

Балалар, сендер бұрын тым ірі жүк машиналарын көрген жоқсыңдар. Енді жүк тарту қуаты 40-50 тоннаға дейін автомобиль-самосвалдарды, 90-100 тонна жүк көтеретін думпкаларды көресіңдер. Бұлар алып құрылыстардың жаны емес пе!

Әсіресе, алып экскаваторларды айтсаңшы! Шөміштеріне 25 текшеметр топырақ сыятын, мойнының ұзындығы 100 метрлік экскаватор-драгандар шығарылады. Бұлардың әрқайсысы ондаған мың адамның жұмысын атқарады.


Ауылшаруашылық машиналары да көптеп шығарылады. Қуаты 140 және 250 аттың күшіндей алып тракторлар, жүгері, мақта, картоп жыйнайтын және басқа көптеген жаңа машиналар пайда болады.

Ғасырлар бойы құлазып жатқан тың далаларды игеру нәтижесінде дәнді дақылдар егілетін жер көлемі 1955 жылы 1950 жылғымен салыстырғанда 24 миллион гектар шамалы ұлғайтылды.

Еліміздің бүгінгі табысы ертеңге өлшем болмайды. Алтыншы бесжылдықта 1955 жылмен салыстырғанда өнеркәсіп өнімі 65 процент артады. Ал, егіс көлемі ше? 1960 жылы астықтың жалпы түсімі 180 миллион тоннаға (11 миллиард пұтқа) дейін жеткізіледі.

Алтыншы бесжылдық жоспарда біздің туған республикамыз Қазақстанның да келешегі белгіленген. Сендердің сүйікті өлкелерің енді бес жылдан кейін бұрынғыдан да көркейіп, гүлдене түседі, достар! Бұқтарма су электр станциясы, Шульба және Қапшағай су электр станцияларының құрылыстары басталып, келешекте бүкіл ауыл-селоларымызды нұрға бөлейді.

Республикамыздың ірі қалаларында жаңа алып заводтар пайда болады. Өздеріңе белгілі Павлодар қаласында үш бірдей завод — алюминий, ферросплав және комбайн заводтары салынады. Комбайн заводының құрылысы қазірдің өзінде-ақ кең өріс алуда. Сондай-ақ, Петропавл қаласында прокат жабдығының заводы, Жамбылда химия заводы, Семей мен Шымкентте цемент за-





водтары, мақта-мата комбинаты, Қарағанды-да екі үлкен домналық пеш салынады.

Біздің сүйікті республикамыз кенге де бай. Қазақстан жері қандай кең болса, кені де сондай мол. Таяуда Қостанай облысында табылған пайдалы қазындыларды пайдалану жұмыстары жүргізіледі. Соколов — Сарбай кен байыту комбинаты салынады. Сөйтіп, 1960 жылы 5-6 миллион тонна дайын руда шығарылатын болады. Қарағанды көмір бассейні мен Екібастұз көмір кенін өндіруге кең жол ашылады.

Балалар, біздің республикамыздың жерінде толып жатқан жас қалалар мен жаңа селолар орнап жатыр. Олардың көпшілігін сендер білмейсіңдер. Өйткені олар сендердің оқып жүрген карталарыңа әлі түсірілген жоқ. Енді сол жаңа қалалар мен селолардың арасында көптеген тартабанды темір жолдар салынады. Жазда өздеріңнің демалыс күндеріңде сендердің өлке тану саяхатын жасап, ол жерлерді көріп қайтуларыңа мүмкіндік туады. Сендер онда жаңа селоларды ғана көріп қоймайсыңдар, жаңа адамдармен, нағыз патриот, еңбек адамдарымен танысасыңдар. Республикамызда осындай жолдармен бірге, елімізді туысқан Қытай халық республикасымен байланыстыратын Алматы ауданы Госграница темір жолы салынады.

Коммунистік партия — совет халықтарының қамқоршысы. Ол еңбекшілердің әл-ауқатын барған сайын жақсартып, мәдениетін көтеруді бірінші мақсат етеді. Мұндай қамқорлықты алтыншы бесжылдық жоспардан да айқын көруге болады. Жұмысшылар мен қызметшілердің нақты жалақысы 30 процент, ал колхозшылардың ақшадай және заттай табысы 40 процент арттырылады. Қалалар мен селоларда құрылыс жұмыстары кең өрістейді. Әсіресе, еңбекшілерге қажетті тұрғын үйлер бесінші бесжылдықтағыдан екі есе көп салынады.

Ал, Коммунистік партия мен Совет үкметінің сендерге деген қамқорлығы ерекше,

жас достар! Сендер қамқоршы партияның арқасында бақыттысыңдар. Коммунизмнің болашақ құрылысшысы деген құрметтен артық не бар. Сендердің қалай оқысаңдар да, қандай мамандықты қаласаңдар да оған толық мүмкіндіктерің бар. Осы бесжылдықта да жалпыға бірдей орта білім беру ісі жүзеге асырылады.

Әсіресе мектеп оқушыларын қоғамдық пайдалы еңбекке баулу ісіне ерекше маңыз беріледі. Жалпы білім беретін мектептерде политехникалық оқу өріс алады. Оқу қоғамдық пайдалы еңбекпен тығыз ұштастырыла жүргізіледі. Сендер орта мектепті бітіргенде

әрі білімді, әрі өнеркәсіппен ауыл шаруашылығының түрлі салаларынан хабары бар адам боп шығасыңдар. Бұдан әрі өздеріңнің таңдаған мамандықтарыңды алу қыйынға соқпайды. Өйткені, біздің елімізде маман адам құрметке бөленеді. Мамандар даярлау жағынан біз дүние жүзіндегі басты-басты капиталистік елдерді басып оздық. Бірақ, біз бұған тоқмейілсіп, қанағат қылып қарап отырмаймыз. Алтыншы бесжылдықта жоғары және орта білімі бар мамандарды жалпылама даярлап шығару өткен бесжылдықпен салыстырғанда бір жарым есе, ал ауыр өнеркәсіптің, құрылыстың, транспорттың және ауыл шаруашылығының мамандары екі есе арттырылады.

Қалалар мен селоларда жаңадан салынатын мектептердің, балалар мекемелерінің саны қанша ма! Клубтар, мәдениет сарайлары мен үйлері, техник үйлері, басқа да мәдени-ағарту мекемелері бұрынғысынан да көбейеді.

Міне, алтыншы бесжылдық жоспардың бұл міндеттері жүзеге асқан кезде еліміз коммунизм табалдырығына жақындай түседі. Сендер де ол кезде өсіп, ержетіп, шынығып коммунизм құрылысшысы боласыңдар, балалар! Бұл коммунистік партия мен Совет үкметінің зор қамқорлығы. Бұған оқуда, еңбекте, қоғамдық жұмыстарда үлгілі іспен жауап беретін болайық.

### ОРЫС ЖҰМБАҚТАРЫ

1. Үйректің өзі тереңде,  
Ал құйрығы кемерде. *оны*
2. Ішіне тамақ салынған,  
Есігі тастай жабылған. *Тоңаздықты*
3. Тілі жоқ, — бәрін айтады,  
Басы жоқ, — бәрін біледі,  
Аяғы жоқ болса да, *Хат*  
Әлемді кезіп жүреді.
4. Үндемей-ақ үйреткен. *Қытай*
5. Мініп алып қасықты,  
Аяқтарың асыпты.
6. Тауға шықса жүгірген,  
Таудан түссе сүрінген.
7. Отқа жанбас, суға батпас.



# Жақсының өзі өлсе де, аты өлмейді

(Д. А. Фурмановтың қайтыс болғанына 30 жыл толуына).

Абай атындағы көше мен Октябрь көшесінің бұрышында екі қатарлы ескі үй тұр.

Сол үйдің сыртқы қабырғасындағы мемориаль тақтадан біз мынаны оқыймыз:

*„Бұл үйде 1920 жылы азамат соғысының батыры, атақты Чапаев дивизиясының комиссары, біздің қаламыздың тарихына, Советтік Қазақстан үшін болған күрестер тарихына ерлік беттер қосқан большевик жазушы Дмитрий Фурманов тұрды“.*



Көшенің осы бір маңы қазір тыншу болғанымен, мұнда 1920 жылы Фурманов тұрған кезде қызу думан болатын. Үйдің өзі де жай пәтер емес, жауынгерлік штаб болған: қару асынған жауынгерлер, командирлер, жергілікті партия қызметкерлері топ-топ болып та, жалғыз-жарым да осы үйге келіп, батыр комиссардан ақыл, нұсқау, тапсырма алып кетіп жататын.

Міне, осы бір екі қатарлы, көк шатырлы, ақ үйді ол күндерде түрлі жаулар да көбірек торуылдаған. Сол хауіпті күндердің бір көрінісін тарихи документтерден алып баяндап берейік.

...Үстінде сұрғылт гимнастеркасы бар, жалпақ белдік буынған, аздап бұйрасы бар тығыз қара шашын тіке қайырған, жалаңбас жас жігіт жергілікті партия комитетінің жыйналысынан іңірде шықты. Жыйналыс осы күнгі Пролетар көшесіндегі офицерлер үйінде өткен еді. Оның бет әлпетінде шаршағандық белгі бар, бірақ жүрісі өте шыйрақ. Қазіргі Гоголь көшесінің бойымен өзінің пәтеріне қарай беттеді.

Гүлдек айғай-шуы күндіз-түні үзілмейтін манти-самса сататын кішкене-кішкене дүкендердің жанынан

өте бергенде, жаңағы жігітті жүгіре басып келіп, бір адам тоқтатты:

— Фурман жолдас, сіз жақсы адамсыз, оңаша айтатын қорқынышты бір хабар бар,— деп әлгі адам Фурмановты аулаққа таман алып шықты,— сізді Алматының орыстары да, қазақтары да, ұйғырлары да жақсы біледі, өте жақсы көреді. Олар сіздің кеше крепоста сөйлеген сөзіңізді тыңдағаннан кейін, бәрін түсіне бастады. Сізді қытайлар да жақсы көреді,— деп әлгі адам өзін нұсқады. Бұл алматылық Ма-у-ли деген қытай еді.

— Маули жолдас,— деп Фурманов оның атын, фамилиясын бірге қосып сөйледі,— айта беріңіз, не болып қалды?

— Крепоста құпия жыйналыс болды, бүгін түнде 8 адамды өлтіру керек деп қаулы алды, оның ішінде сіз де, Панфилов та бар.

Фурманов бұл сөзге сенерін де, сенбесін де білмей, қытайға рақмет айтып, онымен қоштасты да, үйіне қарай аяңдай берді.

Жергілікті контрреволюция күштерінің айдап салуымен, сойқанды офицерлер бастаған бассыз тобыр түн ортасы кезінде жоғарыда айтылған Фурманов тұрған үйге шабуыл жасап, баса көктеп ішке кірді. Бірақ барлығы да:

— Фурман жоқ! — десіп сандарын соқты.

Фурманов бұл кезде қала жанындағы Қарасуық деген жерге орналасқан 4-полк әскерлерінің арасында, қызу жұмыс үстінде еді...

Фурманов тұрған үйде кейіннен тағы да бір хауіпті оқыйға болды. Таң алдында терезе сыртында, үйдің сыртқы басқышының үстінде, зор дүбір, сатыр-гүтір дыбыс, гүжілдек дауыстар естілді, екі-үш рет мылтық дауысы да құлаққа шалынды.

Фурмановтың жұмыстан жаңа ғана үйіне оралып, төсегіне қыйсая бергені сол еді, ол есікке жүгіріп барып:

— Бұл кім? — деп дауыстады.

— Бұлар — біз, дереу далаға шық! — деп бұйырды бірнеше дауыстар қатарласа айғайлап, әсіресе біреуінің үні қырылдап, үрейлі естіледі.

«Өлген жерім осы шығар,— деп ойлады Фурманов, бірақ қорқып емес, майдандасып өлу керек!» ол қаруын асынды, винтовканың құлағын қайырды, белге граната байланды. Сөйтті де есікке таман жақындай беріп, босаға жақтағы терезені ашпақ болды. Бір ғажабы: осы кезде әлгі тобыр иіл құмалағынша шашырап, көше-көшеге тарап, ғайып болды.

Далаға шыққан Фурманов құйманың үстінен мойнын артып, аузын көшеге қаратып тұрған станокті пулеметті көрді. Пулеметшілер:

— Демалыңыз, комиссар жолдас! Мұнда біз бармыз! — деп күле сөйлейді. Бұлар — ішінде орыс, қазақ, ұйғыр жігіттері аралас бір топ өжет, ер жауынгерлер еді.

— Қайдансыңдар?

— 4-полктенбіз, командир Лопатиннен.

Командир Лопатин Фурмановқа төнген хауіпті сөзіп осылай сақтық шаралар қолданған болатын.

Жергілікті бұқарамен, Қызыл Армияның жауынгерлерімен тығыз байланыстылығы, олардың большевик комиссарға деген сүйіспеншілігі мен қамқорлығы Фур-



мановты әрқашан да хауіптен, ажалдан арашалап қалып отырды.

Контрреволюцияшыл офицерлер, ақ казактар, жергілікті кулактар мен байлар Алматыда бүлік ұйымдастырды, Қызыл Армия жауынгерлерінің арасына іріткі салуға тырысып бақты. Кейбір жауынгерлер жаулардың алдағанына еріп бүлікшілер қатарына қосылмақта болды. Олардың осылайша алдаып қалғанын аңғарған Фурманов бүлікшілерге қарсы оқ жұмсамай, тіл жұмсады. Ол қорықпастан бүлікшілердің арасына келіп, олардың басшыларының басынан асыра, қатардағы адамдарға — шаруаларға, жауынгерлерге, қала халқына сөздер айтты:

— Сіздер Совет өкіметіне қарсы екен дегенді шығарып жүрген кім? — деді ол дұнғанның жайдақ арбасының үстінде тұрып, — Совет өкіметін қорғау жолында жаңдарын пидә еткен, Қапал мен Лепсі даласында қан төгіп, қаһармандық көрсеткен сіздер — қызыл жауынгерлер, қалайша Совет өкіметіне қарсы шықпақсыздар? Өздеріңіз отырған бұтаққа қалайша балта шапнақсыздар?! Сіздер Совет өкіметіне қарсы екен деген сөз — жалған. Сіздер оның нағыз достарысыздар, сіздер — Совет өкіметінің өзісіздер, оны қандарыңызбен, жандарыңызбен орнатқандар да өздеріңіз.

Фурмановтың аузынан большевиктік ақыйқатты естігенде алданғандарға ақыл кіре бастады, олар енді өздерін азғырып жүрген бүлікшілерге ала көздерімен қарап, тістерін қайрады. Мұны сезген бүлікшілер дереу жұртты таратып жіберіп, Фурмановтарды оңашалап табанда бір үйге қамап тастады. Енді кешікпей оны өлтіріп те жібермекші болды. Бірақ істің мәнін түсініп қалған бұқара коммунистерге қосылып, Фурманов пен оның жолдастарын қамаудан босатты.

Мұндай хауіпті кезеңдерді, тар жол, тайғақ кешулерді комиссар Фурманов өзінің Алматыда тұрған

күндерінде талай рет бастан кешірді, солардың бәрінде ол сыннан мүдірмей өтіп, жеңіске жетіп отырды, оның басшылығымен Жетісуда жас Совет өкіметі бұғанасы қатып, нығая берді.

Алматыда өткізген күрес пен жеңіс күндерінде Фурманов Ташкентпен күнбе-күн байланыс жасап, Түркстан майданының командашысы М. Фрунзе мен соғыс — революция Советінің председателі В. Куйбышевтен тікелей басшылық, нұсқау, тапсырма алып отырды.

Дмитрий Фурмановтың Алматы партия ұйымдарына, әскери бөлімдерге жасаған басшылық жұмыстары қаншама қыйыншылықтар мен хауіптерге кездескеніне қарамастан, жемісті түрде қанат жайып отырды. Олай болатын себебі: 1918 жылдан партия мүшесі Фурманов талай революциялық шайқастардың мектептерінен өткен, ауыр сындарда шыңдалған нағыз большевик еді.

В. И. Ленин «Бір кісідей Колчакқа қарсы аттанайық!» — деп ұран тастағанда, ол өзі тіленіп майданға аттанды, атақты Чапаев дивизиясының комиссары болды. Ержүрек, батыр Чапаевқа жақсы көмектесті, жауынгерлерді большевиктік сара жолдан аудармады.

Көп ақыл, көп тәрбие бергені үшін Василий Иванович Чапаев Фурмановтың алдында өзін борыштымын деп санады. Комиссар Фурмановты басқа майданға ауыстыру туралы бұйрық болғанда, Чапаев өз досын босатқысы келмеді. Фурмановпен қоштасқан кезде қайыспас, ержүрек командир Чапаевтың көздеріне жас келді. Ол машинада кетіп бара жатқан комиссарды көзден таса болып, дөң асқанынша ұзақ уақыт қараумен қалды.

Осы күннің өзінде:

— Шіркін Фурманов кетпесе, Чапаев қаза таппас еді, — деген өкінішті сөз естіледі.



Дмитрий Фурмановтың Верныйда (Алматыда) 1920 жылы бүлікшілер арасында сөйлеп тұрған кезі. Суретті салған А. И. Бортников.



Азамат соғысы аяқталғанша Фурманов Қызыл Армия қатарында саяси қызметтерде болды. Алматыдағы қызметінен соң (мұнда ол Түркстан майданы соғыс — революциялық Советінің Жетісу облысындағы уәкілі болып қызмет істеді), ол Кубаньда врангельшілерге қарсы соғысқа қатнасты.

Дмитрий Фурманов батыр комиссар болумен қатар, талантты жазушы ретінде де совет адамдарына белгілі. Оның «Чапасев» атты романында Азамат соғысының ерлік күндері дастандалған, оның «Бүліншілік» атты кітабында большевиктік ұйымдар мен Қызыл Армия жауынгерлерінің Жетісуда Совет өкіметін нығайту жолындағы күресі, сол күрес пен шайқастың оты ішіндегі жазушының өз өмірі мен қызметі суреттелген.

Д. Фурмановтың арамыздан кеткеніне 30 жыл толды. Бұл жылдардың ішінде оның отандастары — Совет Одағының барлық халықтары социализм орнатты, коммунизмнің сәулетті шыңдарына қарай, алып адыммен алға басып келеді.

Фурмановтың қызықты және қысқа өмірінің күрес пен ерлікке толы бір кезеңі біздің республикамыздың астанасы Алматыда өткен еді. Ол өзінің «Бүліншілік» атты кітабының екінші тарауын «Верныйда» деп атаған. Бұл қаланы ол: «Тапал үйлер, сұрғылт, меңіреу, ұзын құймалар, қараңғы, лас көшелер; қыйсық-қыңыр орамдар; ернеуі жоқ қыйғаш жолдар; омырылған шірік қақпалар, қоқсығы шыққан қоралар...» деп суреттеген болатын. Совет өкіметі жылдарының ішінде сол бұрынғы Верный, осы күнгі Алматы сәулетті сарайлармен, зәулім үйлермен, сәнді құрылыстармен көркейді, көшелері асфальтпен жайнады, бағаналары электр нұрынан алқа қадады. Оның ең жақсы көшелерінің бірі — Фурманов көшесі.

Ер комиссар, большевик жазушының есімі республикамыздың, астанамыздың революциялық тарихынан елеулі орнын алды, оның көшесіне, оның бір кезде тұрған үйіне қарттар да, жас ұландар да жайдары жүзбен, ерекше құрметпен қарайды. «Жақсының өзі өлсе де — аты өлмейді, ғалымның өзі өлсе де — хаты өлмейді» — дейді қазақ халқы. Дмитрий Фурманов ұрпақтарға осылайша өнеге болып қала бермек.

**Ж. Жұмақанов.**

### ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨНЕРІ.



Суретті салған Әбіш Үрпеков.

## ҚАНАТТЫ СӨЗДЕР

### ҚАЗАҚТЫҢ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІ

Нар жолында жүк қалмас.  
Еңбегі көптің — өнбегі көп.  
Шолақ сай тез тасыйды.  
Әділ істің арты игі.  
Өткізіп алған өкінер.  
Айтылған сөз — атқан оқ.  
Арыстан болсаң жау үшін,  
Түлкідей болсын әдісің.  
Өсекші ауыз жыбырламай  
тұрмайды.  
Тамшы тас жарады.  
Соқыр атқа қотыр ат үйір.  
Арба айдаған алдына қарайды.  
Мал сақтама, ар сақта.  
Жүйрікті кекіл қағысынан  
байқайды.  
Еңбек етсең емерсің.  
Бейнет, бейнет түбі зейнет.  
Жан қыйналмай, жұмыс бітпес.  
Қыс азығын жаз жыйна.  
Екпей егін бітпес,  
Үйренбей білім бітпес.  
Жаңбырмен жер көгерер,  
Еңбекпенен ер көгерер.  
Айдағаның екі ешкі,  
Ысқырығың жер жарады.  
Атаңның баласы болғанша,  
Адамның даласы бол.  
Ақ жүрген адам азбас.  
Ел көркі мал, өзен көркі тал.  
Ердің сыншысы — елі.  
Ердің сәні ел болар,  
Көлдің сәні су болар.  
„Сіз“ деген әдеп,  
„Біз“ деген көмек.  
Шірік шірітеді,  
Бұзық бүлдіреді.  
Кірсіз жүрсең — мінсіз жүресің.  
Жақсының өзі өлгенмен,  
Сөзі өлмейді.



# Әжегі Қыз

Әңгіме

I

Бірінші сентябрь еді. Түс. Завод гудогі айқайлағанда барып Ойрат бүгін мектепке баратынын есіне алды. Дауысқа аландаған ол алдындағы добынан айырылып қала жаздады. Бетпе-бет келіп қалған қарсы ойыншыны йығымен қағып өтіп, алға жөней берді. Допты қақпаға қарай ышқынта бір тепті. Сөйтті де, екі саусағын аузына тығып, ұртын томпайта, қатты ысқырып кеп жіберді. Мұның тарқауға берілген белгі екенін сезген балалар:

— Қап, енді шамалы ойнағанда...

— Кеттік. Қой, мектептен кешігеміз,— деп шуласып қалды.

Ойратты үйде мамасы асыға күтіп отырғанды.

— Қайда жүрсің? Ойынның-ақ қанбайды екен сенің! Бол, тездет, сабақтан қалдың!

Беті-қолын шала-шарпы жуына салып, сумкасын мойнына асты да, тысқа шықты, асыға басып, трамвай тоқтайтын орынға келді. Быйыл қыздар мен ұлдардың бірігіп оқуы себепті, ол Максим Горький атындағы мектепке ауысқанды. Трамвайға мінбесе, мектеп қашық. Оның үстіне, уақыт та тығыл-таяң.

Трамвай тоқтайтын орында адам көп болатын. Мұны көрген ол жұрттың біресе ол жағына, біресе бұл жағына шығып, шыдамсыздана түсті. «Қалып қойып әлі...» — деп хауіптенді. Сөйтіп тұрғанда трамвай да келіп қалды. Тезірек кіріп кетпек болған Ойрат алғы есікке ұмтыла беріп еді. Кондуктор бөгеп тасғады.

— Бала, кейін, тәртіп сақта, артқы есікке бар.

Ойрат састы. Артқы есікке жүгірді. Мұнда адамдар топырласа сығылысып, вагонға еніп жатқанды. Ол жұртты кимелей, есік тұтқасынап ұстады.

— Ай, кезегің қайда? — деп осы кез жіңішке дауысты біреу оның сумкасынан тартты. Ойрат қабағын шыта бұрылып еді, өзіңдей оқушы қызды көрді. Сұр көйлегіне қызыл галстугін жарастыра таққан. Өткір қара көзді, дөңгелек жүзді қыз.

Ойрат ішке сүңгіп кетті. Ілесі сұр көйлекті қыз да кірді.

— Ой, тәртіпсіз! Сені де оқушы дейді-ау!

— Сен тәртіпсіз! Менде жұмысың не?!

— Бала, құрбың дұрыс айтады,— деп сөзге араласты бір карт кісі,— сенікі жөнсіз.

— Мектеп ережесін білмейтін бе едің? — деді екінші біреу.

Оқушы қызды жақтаушылар көбейіп кетті. Өзіне жақтырмай әрі кіналай қадалған көздерден қаймығып, Ойрат басын төмен салып, үнсіз қалды. Тек трамвайдан түскен соң ғана өзінен-өзі күбірлеп:

— Осыдан, сен қыз, бір кездесерсің,— деді.

Ойрат есігінде IV класс деген жазуы бар бөлмеге келіп кірді. Екі бала орынға таласып жатыр. Мұғалім столына қойылған гүл букеттерін бір қыз реттеп жүр. Көзілдірікті бала тақтаға әлдененің бейнесін бормен сызғылауда.

Кіре бере орын іздеп, класс ішін көзімен шолып



өтіп еді. Оның, кенет, аузы ашылып, көздері жыпылықтап кетті. Терезе жақтағы артқы парталардың бірінде трамвайда кездескен сұр көйлекті қыз отыр. Бажырая қарайды.

Состыйып тұрып қалған Ойратты Сайын келіп қолынан тартты.

— Бері жүр. Екеуміз отырамыз. Бір партаға ешкімді жолатпай тұрмын.

Сайын өткен жылы Ойратпен бірге оқығанды. Шағын, әлжуаз бала. Сондықтан ба, қайдам, Ойратты мықты санап, үнемі оның айтқандарын екі етпейді. Мана да допты үйіне апарып, тығып тастағанды.

Ойрат оның қасына отырып, әлгі қызға өшіге қарай бастап еді, қоңырау шылдырлап қоя берді.

Мұғалім келді. Ол алпысты еңсерген қарт адам еді. Жасы ұлғая тұрса да, аяғын шыйрақ алып, әлдеқайда асыққандай шапшаң жүретін. Сол әдетімен есіктен сып етіп кіріп еді, балалар орындарынан жабырлай тұрды.

Келген бетте парталардың арасымен бір жүріп өткен мұғалім басын күлімсірей шайқап, бір сәт тұрды.

— Балақандар-ау, бұларыңа жол болсын? — деп бірыңғай отырып қалған бір топ ұлдарды парталарға қайтадан орналастыра бастады. Бір сәт мұғалім Досан Орманович Ойратқа бұрылды.— Сен мұнда кел.

Ол әлгі сұр көйлекті қыздың жанындағы орынды нұсқады. Ойрат абыржып қалды.

— Жо-ок, о-отырмаймын.

Мұғалім тіктене қарады. Амалы құрыған Ойрат орнынан баяу көтерілді де, сұр көйлекті қыздың жанына келіп теріс қарап отыра кетті.

Оқушылар тегіс жайғасып, сабақ басталды. Ойрат қасындағы қызға көзінің қыйығымен қайта-қайта қарап отырды. Қыз, өзінің жазда көрген оқығаларын баяндап жатқан балалардың сөздерін қызыға тыңдап, рақаттана күледі.

«Қайдан тап болдым мына бір қызға, трамвайдағыдай тықылдап әлі маза бермейтін шығар», — деп іштей жақтырмады Ойрат. Ал, сұр көйлекті қыз ештеңе көріп, білмегендей-ақ, үзіліске шығарда Ойратқа жайдарылана қол созды.



— Сенің атың кім? Менің атым — Рауза. Ойрат оған бұрылып та қарамастан, жөніне кетті.

\* \* \*

Келесі сабақта Ойрат та, Рауза да тым-тырыс отырды. Ал, үшінші сабақ ана тілі болатын. Каникулде қандай кітаптар оқығанын айтып жатқан баланың сөзі Ойратты жалықтырып жіберді. Зерікті. Не істерін білмей, Раузаны абайсызда түрткі қалғысы келіп оқталып еді, сескеніп, қоя қойды.

Бір кезде есіне түсті «Ене, бәкі бар екен ғой». Сол-ақ екен, төс қалтасынан сұқ қолдай бәкіні суырып алды да, партаның қақпағын сескене жона бастады. Атын жазбақ. Пышақ тықырына елең еткен Рауза шап беріп оның қолындағы бәкіні жұлып алды. Ойрат жармасып:

— Әкел! — деді.

Өз столында әлде не жазып жатқан мұғалім басын жоғары көтерді. Байқап қалар деп хауіптенген Ойрат тік отыра кетті. «Енді бәкіні мұғалімге беретін болды.» Жоқ, Рауза бәкіні жауып, өзіне қайтарды.

— Қалтаңа салып қой.

Қоңырау соғылысымен Ойрат орнынан ұшып тұрып, кітаптарын жыйнастыра бастады.

— Қайда барасың?

— Әй-й! — деп Ойрат қолын бір сілтеді.

— Қаштың ба? — деп сықылықтай күлді Рауза.

Ойрат Сайынға барып:

— Сен тұр, менің орныма бар! — деді.

Орнын қыймаған Сайын жалынышты пішінде Ойратқа қарады. Ол беті безеріп, жауар күндей түнеріп кеткен екен. Мұны көрген Сайында не деп қалсын... Ысырылып жүре берді.



Рауза оны маңайлатпады.

— Отырмайсың, қорқақ! Неге бердің орныңды?

— Жолдас... жолдас болған соң, — деді Сайын.

— Бәрібір, Досан Орманович қуып шығады.

Дағдарған Сайын Ойратқа жалтақ-жалтақ көз тастайды. Ол айқайлаумен тұр:

— Итеріп жібер де, отырып ал!

— Өзің кел. Мұның әлі келмейді. Қарашы, қолдары шидей, — деп мізбақпай отыр Рауза.

У-шу үстіне мұғалім келді.

— Бұл не? Неғып тұрсың, Үрпеков?

— Мына қыз отырғызбайды, — деп күмілжіді Сайын.

— Өзінің орнына барсын.

— Жә, солай ет, — деп мұғалім Раузаның сөзін құптады. Сонан соң Ойратқа бұрылды.

— Отыра берейін, ағай, — деп өгінді ол.

— Жоқ, болмайды, — деді Досан Орманович.

Ойрат ілби басып, өз орнына барды.

## II.

Сембі күні түс ауа аспанды бұлт торлап алды. Ауа да жаңбырдың болатынын сездіргендей дымқыл тартып, буалдырлана бастады. Тұтасқан бұлттан күн көзін көре алмаған балалар, өздері төрт сабақтан шыға тұрса да, кеш түсіп қалғандай сезінді.

Рауза өзі тұратын көшеге түскен соң жаңбыр жауып кетер деп хауіптеніп, аяғын жүгіре басты. Кенет, бір үлкен терек түбінен екі бала шыға келді. Абайсыз келе жатқан Рауза селк етіп шошып қалып еді. Екеудің бірі — Ойрат, екіншісі Сайын екен. Бұларды таныған соң Рауза бойын тез жыйнап алды.

— Не, не?

— С-сен... сен қыз тыныш жүресің бе, жоқ па?! — деді Ойрат төніп.

— Мен тыныш жүрмін.

— Жоқ, жүрген жоқсың!

Сайын анадай жерде біреу «оһ» десе болды, зыта жөнелгелі елеңдеп тұр.

— Ал, тыныш жүрмесем қайтесің? — деді ерегістіріп Рауза.

— О-онда... — деп Ойрат жұдырығын түйді.

— Ұрасың ба?

— Иә, ұрамын.

— Сен бе?.. Әліңе қара, — деді Рауза тайсалмай.

Сол-ақ екен, Ойрат қолын сілтеп қалды. Рауза қарсыласып, оның жұдырығының астына сумкасын тоса қойды. Сөйтті де, қолына жармасты. Осы кез Сайын жіңішке даусымен ышқына айқайлап жіберді.

— Ойбай, келді, Ойрат! — деп ол әрі қарай жөнеле берді.

Кешенің арғы бетінде асыға басып біреу келеді екен.

Мұны көрген Ойрат та қолын жұла қашты. Рауза:

— Әй, қорқақтар! — деді өршеленіп.

## III.

Ойрат өзінің өткен күнгі қылығын ағаттық деп ешбір ойлаған жоқ. Қайта басқаның ісіне кірісіп, маза бермейтін қызды «дұрыстап жазалай» алмағанына өкінді. «Қап, сен сужүрек болмағанда» — деп Сайынды көргенде бас шайқап та қойды. Раузамен бетпе-бет кездескенде барып сәл қысылайын деді. Оның үстіне, мазасыз қыз «Ене, батыр» — деп күле қарсы алды. Ойрат «мінезі қалай өзінің?» — деп ойлады да, сырт беріп кетті.

Дегенмен мұғалім келгенде Ойрат қатты абыр-жыды. «Әне айтады, міне айтады» деген ой мазалады. Мұғалім бір нәрсе сұрау үшін оқталса да, Рауза әлде не айтпақ болып қол көтерсе де, сескеніп қалып, бұға түсті.

Мұны Рауза ешкімге де айтпады. Қайта, жарқын, жайдары жүрді. Бұған, Ойрат аң-таң болды.

Орыс тілі сабағы жүріп жатқан-ды. Досан Орманович бір кезде Ойраттың кітабын сұрап алды да, сәл жымыйып:



— Екеуің бір кітаптан оқындар,— деді.  
Мұнысы несі екен? Ойрат жақтырмай қалып, «оқымаймын» демек бола беріп еді. Рауза кітабын оған тамаң үнсіз ысырып қойды. Және өткір қара көздерімен қаймықпай тесіле қарады. Ойрат шыдас бермей көзін тайдырып әкетті. «Қызық қой өзі! Неткен қыз?»

Бұл кездері Сайын қатты шыдамсызданып жүргенді. «Ойратқа қалай ердім, ә? Рауза айтады ғой. Сосын мұғалім маңдайымнан сыйпай қоймас. Енді қайттім?» Осылайша ойланып-толғанған ол, ақыры, болған оқыйғаны өзімен бір партада отыратын звено вожатына айтуға бекінді. Үлкен үзілісте оны балалардан шеткері шығарып алып, өзінің айыбы жоқ екенін қайта-қайта айтып, көргендерін бастан-аяк баяндап берді.

— Айта көрме,— деп жалынды ол вожатый қызға,— әйтпесе, ол менен котлет жасайды.

— Ал, мен сурет жасаймын,— деді звено вожатыйы.

#### IV

Рауза кіріп келгенде класс іші азан-қазан болатын. Бір топ бала есіктің оң жағында топырлашып тұр. Екі көздері қабырғада. Қайсыбірі мойынын созып, қайсыбірі аяғының ұшын көтеріп сығылыса түседі.

— Өй-өй, аяғымды бастың!

— Немене, сенен басқалар көрмей ме?

— Түу, ананың жұдырығының үлкенін-ай,— деп шу-шу етеді.

Рауза бойшаң болатын. Біреуінің иығына асыла қойып еді. «Кірпі» газетінің бірінші номерін көрді. Жоғарғы жағында кірпінің суреті. Нақ бір өз тікені жетпегендей, қолына айыр ұстаған. Онан төменде бет-аузы кір, кожалақ бір бала аңтарылып тұр. Басындағы кепкасы бір жағына қыйсайып кеткен. Шашы ұйпа-тұйпа. Тіс ысатын щетка етегіне жармасып, сүлгі жолын бөгемек болғандай белі мен аяғына оралыпты. Иіс сабын алдында «ыржыя күліп» тұр. Әжуа суреттің астына «Салақбай бізді ұмыттың ба?»— деген сөз жазылыпты. Рауза бұл суретті көргенде сықылықтап тұрып күлді.

Бірақ, бірер минут өтпей-ақ оның түсі өзгеріп сала берді. Газеттің оң жақ қанатынан екі баланың бір қызды ұруға оқталып тұрған әжуа суретін көзі шалды. Қызға төніп тұрған баланың жұдырығы футбол добындай. Ал, қыз да мізбағар емес. Бұл «Жұмбақ сурет» деп аталған. Оның төменгі жағында: «Бұл кімдер? Қорықпаса өздері айтсын» деген сөз бар.

Раузаның көздері от шашып, түсі сұрланып кетті. Балалардың арасынан Сайын мен Ойратты іздеді. Қайда жүргенін кім білсін, көрінбеді. Ал, Ойрат өз орнында тым-тырыс отыр еді. Оның қасына жетіп барған Рауза:

— Міне, біз қорқақтармыз!— деп айқайлап жіберді.

Жалт қарасқан балалар алғаш Раузаның не деп тұрғанына түсінбеді. Ол көзінде жас дөңгелеп:

— Қорықпасаң, айт өзің,— деп төнді.

Ойрат құтыла алмасын білді де, үнсіз қалды. Оны қоршап алған балалар:

— Е, сен бе едің?

\* \* \*

Бұл бір қызық жыйналыс болды. Сірә, мұндай жыйналыс бұрын-соңды болып та көрмеген шығар. Оған президиум сайланған жоқ. Күн тәртібі де ха-

барланған жоқ. Баяндама, түсінік сөз дегендер де болмады. Әңгімені оқушылардың өздері бастап, өздері алып кетті. Ең алдымен Сайын сөйлемек болып қол көтеріп еді, мән-жайды біліп қалған балалар оны тоқтатып тастады.

— Ақталғың келе ме? Құтыла алмайсың!

— Өзің айтып, өзің жалт бермексің бе?

Ойраттың құлағы елең етті. «Қап, мынаны-ай, Рауза айтты ма десем»— деп кіжінді. Ашулы отырған Раузаның жүзінде де таңырқау белгісі пайда болды.

Досан Орманович жыйналысты еркіне жіберіп, сөйлеушілердің өз ойларын қысылмай айтуын бақты. Звено вожатый орнынан сілкіне тұрды:

— Тынымбаевтың мұнысы дұрыс емес!— деді ол Ойратқа бұрылып,— Сен сотқарсың, білдің бе?! Егер, біздің звенода болғың келсе, тәртіпті боласың. Қазір уәде бер, білдің бе!..

Алғы партадан көтерілген ұзын бойлы бала бірден:

— Раузаны ұрғанша, Сайынның төбесін теспейсің бе?— деп сөйлей бастап еді.

Балалар:

— Әй, тағы да ұру ма? Дұрыс сөйле...

— Жоқ, дұрыс. Сайын деген жағымпаз...

— Немене, жағымпаздың «сыйы» таяқ па?— дегіп оның сөзін бөлді.

— Жай, былай айтқаным ғой,— деді әлгі бала сөзін онан әрі жалғастырып,— Сайын Ойратқа қарап аузын аша алмайды. Біз өткен жылы да бірге оқыдық, білеміз. Сосын Ойрат өзін күшті санап, төсін ұрады. Сайын оған жағынуын қоймаса болмайды.

Ұзын бойлы бала орнына отырғанда звено вожатыйы қолын көтерді... Ол толқый сөйледі.

— Рауза жолдасым. Сонда да бетіне айтамын, кемшілігі бар. Тым өжеттеніп кетеді өзі. Ойраттан қорықпаймын деп оның тәртіпсіздігін жасырғаны тіпті дұрыс емес.

Ойрат көптен ойында жүрген сұраққа жауап тапқандай басын жоғары көтеріп алды. «Иә, өжет қыз»— деп ойлады. «Мен бе жасырған» деп қарсылашып жатқан Раузаға вожатый қадала қарап қалды.

Нақ осы бір сәтті күткендей-ақ Досан Орманович орнынан тұрып, жүре сөйледі.

— Балалар, дұрыс. Дұрыс айтып жатырсындар,— ол Ойраттың жанына келіп, басынан сыйпады.— Қалай, Тынымбаев, жолдастарыңның сөзі орынды ма? Меніңше, орынды сыяқты,— деп сәл кідірді.

Класс бір сәт тыншыға қалғандай болды. Ойрат қып-қызыл болып кеткен. Раузаның да, басқа балалардың да көзі Ойратта. Тек Сайын ғана парта астына кіріп кетердей бұға қалыпты.

Досан Орманович тәртіп мәселесін біраз сөз етті де, Ойратқа бұрылды.

— Не дейсің, Ойрат?

— Мен... Мен... бәрін де ұғындым...

Мұнан әрі ол ештеңе демеді. Басын тұқырып, «бір айттым, бітті» деген пішінде тұра берді...

Жыйналыс тарқады. Балалар үйді-үйіне тараса бастады. Ойрат басы салбырап, кластан үнсіз шығып келе жатыр еді, біреу сумкасынан тартып:

— Бірге қайтамыз ба?— деді.

Ойрат мойынын бұрып алды, көздері от шаша күлімдеген Рауза тұр.

Ойрат өзінің келісіп, бас изегенін де аңғармай қалды...

Н. Сералиев.



# ЖАРҚАНАТ

Әңгіме

Қазақ ССР-ы Жоғарғы Советінің сайлауы өткелі жатқан кез еді. Мен сайлау участогінде кезекші боп отырдым. Түнгі сағат үштің кезі. Ұйқым келгендіктен көзім еріксіз жұмылып, алдымдағы оқып отырған кітабымның жазуларын кейде көрмей кетем. Сонда да ұйқылы көзімді кітап бетінен алмаймын. Бір сәтте кенет ұйқым шайдай ашылды. Кітаптың ішінен кездескен жалғыз ғана сөз мені сергітіп, сонау бір өтіп кеткен балалық шағымды көз алдыма әкелді. Ол кәдімгі жарқанат деген жай ғана сөз еді. Жарқанатта адам ойын толқытарлық не сыр бар деп таңданбаңыздар. Ыңғайсыз да болса, бұл жайындағы әңгімені басынан бастайын.

1936 жылдың май айы. Біздер ең соңғы емтиханды бүгін тапсырып, төртінші класты бітірдік. Енді бүгіннен бастап өзімізді бесінші класс оқушылары деп есептейміз. Осыған байланысты қыстай Кеңқияқта, интернатта, жатып оқыймыз да, ауылға жазғы каникулда ғана келетін боламыз.

Бәрінен де жаздай демалыста жүргенде Жем бойында жүзу үйреніп, балық аулауды айтсайшы!

— Әжімбай! — деді Әйбек маған мектептен шыға бере, — жүр, Әбдір өзегіне... Ондағы тоғайда құстың жұмыртқалары көп...

— Жарайды. Ана балалар қайда барады?

— Олар Ақтоғайға барамыз дейді. Оларға еріп не істейміз. Жүр, кеттік.



Сонымен Әйбек екеуіміз мектеп үйі орналасқан колхоз орталығынан үш шақырым жердегі Әбдір тоғайына қарай соқпақ жолмен жүріп кеттік. Көк шалғында өзектерді кесіп өтіп келеміз. Желкілдеген дымқыл шөп тіземізге оратылады. Сол жағымыздағы қарасуды жағалай жиде, тал өскен аралдың арғы жағында Жем өзені ағып жатыр. Төбемізде төңкерілген мөлдір аспанда өркеш-өркеш ақ бұлттар қалқып жүр. Әбдір өзегіне де жақындадық.

Біздер Қамбеталы деп аталатын талдардың арасына кірісімен жұмыртқаларын қорыған ұсақ қарғалар ұяларының қасында ерсілі-қарсылы ұшып, шулап кетті. Тал басына өрмелеп біраз жұмыртқа жыйнап алған соң біз сол маңдағы түйе қораға бардық. Ондағы қарлығаш ұяларына тимедік. Өйткені әжем қарлығаш адамның досы дейтін.

Түйе қораның қасында Әйбектің әкесінің землянкасы бар еді. Сонда кіріп барсақ, есік алдындағы шоланда мен бұрын көрмеген бір үлкен көбелек сыяқты құстар ұшып жүр. Шоланның түкпір жағына қарай қашқан біреуін мен қолымдағы ұзын таяқпен ұрып соғам деп қуа жөнелдім. Шолан түкпіріне таяп барғанымда, күтпеген жерден біреуі қарсы ұшып, қанатымен бетімді қағып өтті. Осы сәтте есік жақтағы Әйбектің: «Әй, тоқта» дегенін естіп тұра қалуым-ақ мұң екен, кенет аяғымның асты ойылды да, төмен қарай гүмп ете түстім. Бұл жерде Әйбек үйінің погребі бар еді. Еш жерімнің ауырғаны білінбейді. Дерев атып тұрдым. Аяғым, қолым, — бәрі сау. Қамыстарды сыбдырлатып бірдемелер жүгіріп өтті. Қорыққаннан тұлабойым дір ете қалды. Погребтерде егеуқұйрықтар көп болады. Олар кейде балаларды да жеп қояды деуші еді әжем. Ойпырмай, неткен қорқынышты! Буындарым босап, басым айналып барады...

— Әйбек, Әйбек! — деп дауыстадым.

Осы кезде погребтің аузын ашып жіберген Әйбек:

— Әжімбай, қайдасың? — деп басқышпен төмен түсіп келе жатты.

— Мұндамын, — деп мен оған қарай ұмтылдым. Даусым жіңішкеріп, дірілдеп шықты.

— Еш жерің ауырған жоқ па?

— Жоқ.

Бұл жолы даусымды қатайтыңқырап, әдейі жігерлене дыбыстадым. Өйткені жолдасымның алдында қорқақ боп көрінгім келмеді. Сөйтсе де Әйбек мені қолымнан жетектеп, погребтен алып шықты.

— Сен менің құлап кеткенімді ешкімге айтпа. Естісе әжем ұрысады, — дедім Әйбекке.





— Жарайды. Жүр, әуелі суға бет-аузыңды жу.

— Жаңағы не деген құс?

— Жарқанат деген құс ол.

Жүрегім тас төбеме шықты.

— Жарқанат!.. Сен оны қайдан білесің? — дедім үрейленіп.

Кеше әкем екеуіміз келіп көргенбіз. Сонда әкем айтты: «Бұл — жарқанат деген құс. Тиеңдер бұған. Бұның қаны басыңа тамып кетсе өлесің», — деген-ді.

Менің де есіме өз әжемнің сөзі түсті. Жарқанат — киелі құс. Ол қанатымен қағып кетсе, адам өледі, ұйқтай алмай өледі дейтін ол.

— О қалай, менің әжем қаны тамып кетсе... деген жоқ, қанаты тиіп кетсе деген...

— Оның бәрі бір. Қаны тамса да, қанаты қақса да адам ұйқтай алмай өлетін көрінеді.

— Солай ма!

Мен Әйбекке үрейлене қарай қалыппын. Бетімнен қорқыныш белгісін көрген ол:

— Немене, сені жарқанат қағып кеткен жоқ па? — деді о да үрейлене...

Үйге келген соң ішім ауырады дедім де, жатып қалдым. Өйткені ішім ауырады десем, әжем сүт ішкеннен болған ғой деп, сүт ішуге тыйым салатын. «Ішің ауырса, тамағыңды тый», — деп басқа тамақтарды да аздап беретін. Сөйтіп ішім ауырғанға онша әбігерлене қоймайтын.

Сонымен тамақ ішпестен кешке дейін жаттым. Ұйқтайын деп көзімді қанша жұмсам да, ұйқым келмеді. Күнде түс кезінде ұйқтайтыным бар еді, бүгін ол да жоқ. «Шынымен ұйқының менен қашайын дегені ғой. Не де болса көріп алдым... Ай, бірақ өлгеннің несі жақсы... Шынымен-ақ бесінші класс босағасын көрмей-ақ өліп кетем бе? Жоқ. Мүмкін емес ол, мүмкін емес!»

Осылайша басымды алуан түрлі ойлар шырмап жатқанда Әйбек келді. (Бұл кезде әжем сыртта сыйыр сауып жүр еді). Әйбек мана Ермекбайларға барып, адамды жарқанат қақса, оның қаны адамға тамса, адам өлетін көрінеді деген екен, олар: «Мәссаған, — депті, — дым да қылмайды, былтыр біздер жарқанатты ұстап алып өлтірдік. Қаны қолымызға да жұқты. Өлетін болсақ сонда неге өлмедік.»

Маған бұл хабар күшті әсер етті. Енді басымды көтеріп отырдым.

Алайда, мен өзімді күні бойы әуре еткен қорқынышты ойлардан арыла алмадым.

\* \* \*

Түн. Жұрт кешкі тамақтарын ішіп жататын мезгіл. Ішім ауырды деген соң әжем ауыр тамақ бермеді. Жеңіл тамақтарды да жей алмадым. «Өлетін адам кересін ішеді» деген сөз есіме түскенде жұтқаным тамағымнан жүрмей қалады. Сонымен тіпті аш жаттым деуге де болады.

Ал енді ұйқтай алатын емеспін. Әрі дөңбекшимін, бері дөңбекшимін, ұйқым келмейді... Бір уақытта сыртқа шықсам, шығыс жақ сарғайып, таң да атып келеді екен. Атып келе жатқан таң, шіркін, әдемі болады екен ғой! Шығыс жақтағы көкжиек алқызыл нұрға бөленіп, одан жоғарғы аспан кеңістігі ағарып айқындала бастаған. Жұлдыздар да сирепті. Тек қана электр шамындай жарқырап шолпан жұлдызы тұр. Оның шолпан екенін, ол жұлдыз таң алдында туады деген жұрт сөзіне қарай жобалаймын. Бұл менің ағарып атқан жазғы таңды ең бірінші рет көруім еді. Таң сәулесі жанымды жадыратып, кеудеме нұр құйғандай болды. Көңілімдегі қорқынышты ойлар серпіле бастады да, таң нұрын тамашалап мен далада біраз тұрдым.

Келіп орныма жатқаннан кейін, кешікпей-ақ әжем де тұрып сыйыр сауа бастады.

Таңғы торғайлардың шырылдаған әдемі дауысына және сыйыр сауған әжемнің шелегіне сүттің сырылдап құйылған дыбысына құлағымды тоса маужырап жатқанда ұйқтап кеткенімді сезбей де қалдым.

Оянғаннан кейін жарқанат қаққан адам ұйқтай алмай өледі деген сөздің өтірік екеніне көзім жетіп, көңілім орнына түсті.

Осы күннен бастап мен киелі құс бар деген сөздерге сенбейтін болдым.

Ақтөбе.

Б. Нұғманов.





### Әңгіме

Ауыл жаңа жұртқа қонған күн еді. Сол күні қозы бағатын әкемнің ауылда құдық аршыйтын жұмысы болды да:

— Шәмшатжан, бүгінше сен барып келе ғойшы, — деп мені атына мінгізді де, қозы бақтырып қоя берді.

Қозыларды ауылдан алысқа ұзатпай, бір-екі төбенің ғана астында жайып жүрдім. Жаңа жұрт болғандықтан ба, әлде ауылдың сыртындағы шиден қашқан қояндардың қызығы ма, әйтеуір, бұл күні уақыт тез өтті.

Көңілім көтеріңкі, ысқыра әндетіп, кешкісін қозыларды ауылға айдап келдім. Бірақ менің көңілділігім ұзаққа созылмады, себебі, үйге келіп жаңа отыра бергенімде сыртта жүрген шешемнің:

— Қоңыр қойдың қозысы жоқ, — деген дауысы шыға бастап еді.

«Тал-түсте алдыңдағы қозыдан айрылып қалған не деген масқара! Жұрт есітсе, ертең күледі-ау», — деп ұялғаннан кірерге қуыс таба алмадым.

Үйдің жанында әкем мен аға шопан Рақат әңгімелесіп отыр екен.

— Күндіз қозыларың үркіп қашқан жоқ па еді? — деді әкем. Мен сәл ойландым да:

— Шидің тұсында бір рет үрікті, — дедім. Бірақ неге үріккенін өзім де білмей едім. Соған соң екеуі де маған басқа сұрақ бермеді...

— Қасқыр деген өте қу болады, бұтақтың түбінде жасырынып жатады да, тұсына келгенде көрінбей бас салады.

\* \* \*

Қанша іздесек те қозының ешбір дерегі болмай шықты.

Тап осы күні ертеңгісін, неге өкені белгісіз, жылқылар суға келмей кешікті де мен қарыма құрықты іліп алып, жылқыларды іздеп, атпен жүріп кеттім.

Ойдым-ойдым шағыл құмдардың ішін кезіп, көп іздедім. Күн де қызып мазамды ала бастады.

Міне, құмның арасындағы жалғыз аяқ бір көне жолға түсіп ауылға қайтып келемін.

## Жоғалған қозы

Бір кезде астымдағы атым жалт беріп үркіп, аңдаусызда жығылып қала жаздап барып, әрең дегенде тоқтатып алдыма қарасам... Міне, қызық! Алдымдағы қыяқты табанның баурайында қасқырдың бес бөлтірігі (біздің жоғалған қызыл қозы орталарында) кәнінен қаперсіз асыр салып ойнап жатыр. Мені сезер емес. Біреуі қозының мойнына асылады, екіншісі артынан тартып қап жалп еткізіп жығып кетеді. Ал, бишара болған қозының маңыауға әлі аз-ақ келіп, орнынан азар тұрады. Аналар қозы орнынан тұрар-тұрмаста-ақ, қайтадан жабыса бастайды.

Атыма ыңғайланып отырып алдым да, құрығымды көтеріп, айқайлай шауып тұра ұмтылдым. Осы кезде барып бөлтіріктер ыдырап, табанның ортасындағы қалың қыяққа қарай қаша жөнелді. Құйындатып шауып жүріп құрықпен бөлтіріктің екеуін ұрып жықтым, ал үшеуі қыяқтың ішіне кіріп кетіп, көрінбей қойды. Содан кейін атымнан түсе сала, өзіме қарап маңыраған қозыға қарай жүрдім. Қозым сап-сау, тек қана мойнының бір-екі жеріне тістің батқан ізі түсіпті, одан басқа еш жерінде жарақаттың ізі көрінбейді. — Қошақаным, қошақаным!

Осы кезде Рақат та қасына Құмайын ертіп келе қалды.

— Ого! Міне жігіт! Мен де ізіне түсіп келе жатыр едім, бәрекелді, жақсы болды. — Ол атынан түсіп жатып өлген бөлтіріктерді көрді де, — Енді бұлардың енесі қайда екен? Соны құрытпасақ бөлтіріктерін іздеп ауылға барып тыным бермейді ғой бізге, — деді.

Содан кейін қозының үстін сыйпап күліп отырып:

— «Мысыққа ойын керек, тышқанға өлім керек» дегендей, қошақаным, сенімен ойнағысы келген екен бұлардың, ал енді ойнай қойыңдар, — ол өліп жатқан бөлтіріктерге қарады да, — Шәмшайжан, мыналарыңды алып ауылға қайта бер, — деп, қыяққа тығылған үш бөлтірікті іздеуге кірісті. Қасқырдың іні сол қыяқтың ішінде болып шықты. Бірақ бөлтіріктер інге кіріп кеткен екен.

— Енесі де осының ішінде шығар, — деп Рақат інді қаза бастады. Мен қозыны алдыма өңгеріп алып ауылға қайттым.

Ш. Мұхамеджанов.



# Бетің қыйсық болса, АЙНАҒА ӨКПЕЛЕМЕ!



## ОРАЗ БЕН ҚОРАЗ

I



Шақырғанда үш қайтара сары қораз  
«Ку-кер-е-ку, ку-кер-е-ку, ку-кер-ек!  
Ұйқысынан оянды да, сонда Ораз:  
— Барайыншы оқуыма ерте,— деп.  
Келсе сабақ, әлдеқашан басталған,  
Сары қоразға сеніп Ораз кеш қалған.

II

Екінші күн тағы да «Ку-кер-е-ку»  
Үш қайтара айтылды қайталанып.  
«Тез киініп, бол жылдам, бетіңді жу,  
Ораз-ау,— дегендей боп,— ұйқың қанық».  
Тамақ та ішпей жүгіріп барса ентелеп,  
Күзетші тұр: «Келесің неге ерте»,— деп.



III

Үшінші күн басқанда «ку-кер-е-ге»,  
Тұрды да ақырғы рет сынамаққа,  
«Бұл жолы қателессең, өкпелеме»,—  
Деді де бара жатты мектеп жаққа.  
Кездесіп қап жол үстінде бір таныс,  
— Сумкең не бұл?,— дейді,— бүгін  
демалыс.

Қ. Мұқышев.

## КҮРІШ ПЕН КҮРМЕК

Мысал

Күріштің арасында жасырынып,  
Өскен бір қара күрмек айтты тұрып.  
«Егерде бұл атызда мен болмасам,  
Кетер ед әлдеқашан күріш құрып.

Берілсе маған су мен минералы,  
Бұлардың сұқтанады соған бәрі.  
Сезбейді, өттеген-ай, күріш кеше,  
Менің асым екенін татқан нәрі».

Өзгенің сыбағасын ұрлап ішіп,  
Ал, мына мақтаншаққа тұрған ісіп  
Күріш айтты: «Абайла, бүгін-ертең,  
Жүрмесін осы сөзің еске түсіп...»

Күрішін жүрді дихан күтіп-бағып,  
Күрмекті қалды сонда көзі шалып,  
Ежелгі егін жауы арам шөпті  
Тастады тамырымен жұлып алып.

Ойлан, дос, деме мұны мысал ғой жай  
Тойтыяр арам тамақ бәрі осылай.

Шиелі станциясы.

С. Сейтенов.

## БАЛ АРА МЕН ШЫБЫН

Бір күні бал араға қара шыбын  
Былай деді:

— Сенсің ғой жан ашырым.

Құпиясын аш тағы, түсіндірші,  
Балды қалай жасайсың, қарашығым?  
— Кіріп ап асханаға ызыңменен,  
Сен ұры жат ыдысқа жүз үңілген.  
Сұрасаң, мен аламын тәтті балды  
Жұпар исі аңқыған қызыл гүлден.

— Әр сөзін ділмәрсініп астарлаған,  
«Сасық» ақыл айтушы дос та жаман.  
Гүл іздеп қаңғырғанша айдалада,  
Табам ғой бал дегенді асханадан.

... Бал ара келе жатып бір күн бақтан,  
Шыбынды көрді дағы құлап жатқан:

— Ау, шыбеке, бұл жатыс қай жатысың...  
Бал іздеп шаршадың ба шартараптан?

Шыбынтұтқыш шыбынның иығынан  
Ұстап апты.

(Іс бар ма қыйын мұнан?!)



Ән салып өз алдына жүре берді,  
Бал ара күлді дағы мыйығынан.

Т. Бердияров.





## Әннің күші

Кешкі сағат жеті шамасы. Колхоз клубының алды қарақұрық адам. Радиодан асқақтата салған әсем әндер төбеде қалықтап, жүректі қытықтап, жаныңды тербетеді.

Жүсіпбек пен Манарбектің сан құбылта шабыттана салған әндеріне сүйсінген жұрт дуылдасып жатты.

— Мынау қай ән еді, аты жадымнан шығып тұрғанын, Базеке, сан естіген-ақ әнім, апырай,— деп бір жас жігіт сақал-мұрты қылауланған қартқа қарады.

— Е, бұл Жарылғапберлі марқұмның «Топайкөк» деген әні ғой. Оның әншілігін жұрт деген аңыз етіспей ме? Даусының зорлығы сондай, бес шақырымнан еркін естіледі екен... Жәкеңнің әншілігі жайында біздің Құлақмет ақсақалдың өзі қанша әңгіме біледі десеңші.

— Базеке, кәне, сол ақсақалдан естігендеріңіздің бірін мына жыйналыс басталғанша бізге айтып беріңізші,— деп жастар Базекеңді қаумалай қалды.

— Жарайды, есімде қалған бірер әңгімесін айтып берейін!— деп Базекең келісті де, әңгімесіне кірісті.

— ... Ол кезде Ертіс жағалауындағы елдерді ой елі, Баян жақтағы елдерді қыр елі дейтін. Қыр жақ мал бағумен кәсіп етеді, егінді некен-саяқ салады. Сондықтан қыс қа-

лашылап Керекуге келеді де, одан астық, қант, шай, кездеме, ол-пұл алып қайтады.

Ертістің қыр жақ қабағын апайбөрі, күшік деген рулар жайлайды екен...

Жәкең бір ретте, жоқшылықпен Кереку жаққа кәсіп іздеп кеткен жалғыз інісін іздеп жанында бірнеше жігіті бар, осы ой еліне, Керекуге бет алады. Жолшыбай қоналқаға Ермак маңындағы ауылға келеді. Ауылға кіре бергенде, анадайдан бір үйдің терезесінен үлкен жарық сәулесі көрінеді. Жәкең жанындағы жігіттеріне:

— Не де болса ат басын осы үйге тірейік. Бұл үйде бір үлкен мәжіліс болуға тиіс.

Бұлар сау етіп үйге кіріп келді:

— Ассалаумағалайкум!

Төменгі жақта отырған селдір мұртты бір шал ғана «оғалайкум ассалам», деп сәлем алды да, басқалары бұрылып қарағаны болмаса, онша жылы шырай бере қоймады. Бұларды кісі келді-ау деп елеген де жоқ.

Үйде отырғандардың барлығы төрде басына жастық қойып, мықынын таянып, маңғаздана жатқан кебеже қарын біреудің сөзін даттап отырады. Бәрі де соның аузына қарап қалған, ол орынды сөйлей ме, орынсыз сөйлей ме, жанындағы жандайшаптарының онда шаруасы да жоқ, мәз-майрам боп қарқылдап күліп қояды. Ал, әлгі кебеже қарын ешкімге сөз бермейді... Оның жанында отырған біреу:

— Қарекеннің шайы суып кетті, қайтадан жақсылап құйшы, келін,— деді оған жағымпаздана.

Шай ішіліп болған соң төрде жатқан мырза анадай отырған пұшық мұрын келген біреуге:

— Кәне, көңіл көтерейік, ән салшы!— деп әмір бере сөйлейді.

Ол жалма-жан домбырасын қолына алып, күйлей бастайды.

— Жүйрік шіркін, бабы келмесе шаба алама, сол сыяқты, домбыраның күйі келмесе, әншінің де күйі келмейді, ал біз болсақ қой, домбыра күйлеу дегенді білеміз бе, қолға тиісімен барылдап қоя береміз,— деп біреу оның әншілік мәртабасын да мадақтап қояды.

Әлден уақытта әнші «Ай!»— деп бір айғайлап алады. Оның мұрнында кәкі барлығын Жарылғаптар жаңа ғана байқайды, дауысы да мыңғырлай шығады.

— Ал, мырзеке, қандай ән айт деп бұйырасыз?— деді ол төрдегі кебеже қарынға құлдық ете.



— Өзің жақсы деген әндерді айта бер,— деді төре.

— Ендеше сіздерге Естай ақынның бірер әнін айтайын,— деді де, ол «Қорлан» мен «Жайқоңырды» айтты.

Отырғандар оны қоштап: «Пай, пай әнші-ақ екен!», «Ей, көтеріп қойсаңдаршы», «Шын жүйрік бойы қыза шабысын үдетеді ғой, аяқ салысын байқаңдаршы, бағанағыдан екпіні үдей түспеді ме!» — деп оны көтермелеп еліре сөйлейді.

— Біздің Түйебайдың білмейтіні бар ма?

— Өзім көргем жоқ, бірақ көргендер, әйтеуір, Жарылғапты ерен әнші деседі ғой — дейді әлгі қарт.

— Әй, тек әншейін бір дақпырт та, осы төңіректе біздің Түйебайға жетер әнші бар дейсің бе? — деп әлгі көрдім деген жандайшап бойбермеді.

Төре мықынын таянған қалпымен маңғаздана:

— Е, мына қонақтардың ішінде ән салатыны бар шығар. Беріңдер домбыраны, лебіздерін естиік.— деді.



— Түйебай осы сен баяндық Жарылғаптың әніне қалайсың, білсең бірер өлеңін айтып жіберші,— деді төрдегі бәлсіне жатқан әлгі төре біраздан соң.

Түйебай Жарылғаптың «Ардақ», «Шама» деген әндерін салды.

Жарылғаптай ән салу қайдан келсін! Жарылғап өз жігіттеріне бір асқар тау, ал анау «әншісымақ» бір төбе секілді көрінеді. Жарылғаптың жігіттері: «Әттең-ай» — деп бармақтарын шайнап, бірін-бірі түрткілейді. Іштерінен «Қайран ән қор болды-ау, қыяны аймалайтын асқақ ән бауырын көтере алмай, жер бауырлап қалды-ау», — деп күйінеді. Жарылғап та бүйірі қызып өзгер шыдап отырады.

— Жарылғаптың өзінен бір де кем емес, айнытпай салады,— деп оны мадақтайды мырзаның жандайшаптарының бірі.

— Сіз көріп пе едіңіз Жарылғапты? — деп сұрады бағанағы сәлем алған қарт.

— Е, көргенде қандай. Құр көптіргені болмаса, біздің осы Түйебайдан артық дәнеңесі жоқ.

Жандайшаптардың біреуі домбыраны басқаларынан жоғарырақ отырған Жарылғапқа ұсынады. Ол домбыраны алып сәл қайта күйлеп жіберіп:

— Әнмен зауқым жоқ еді, дегенмен сіздер қолқалаған соң айтсам, айтайын,— деді домбырасының пернесін қағып-қағып жіберіп.

Манадан бері, бір жағынан, мыналардың жан деп көзге ілмегеніне ыза боп отырған, екінші жағынан, мынау әннің шырқын кетіріп салғанына, үшіншіден, өзін кемітіп, намысына тигеніне шыдамаған сабаз айғайға басып жібергенде, төрдегі маңғаз төре де жастықтан басын жұлып алды. Ауыз үйдегі еркек-әйелдер де бірін-бірі кимелей төргі үйге қарай ұмтылды. Бәрі ауыздарын ашып аңырып, Жарылғапқа қарай қалды. Жарылғап өзінің сүйікті «Ардағына» басады. Шабытты әншінің лебізінен шыққан «Ардақ» енді өз үнін тапқандай. Ол өзінің барлық жалынды жанды ырғағымен, нәш-нақысымен, жан сүйсіндірер лебізімен, көрік-сыйпатымен жұрт ықласын бірден-ақ өзіне баурап алады. Әнші-



нің дауылды үнінен еркін нәсерлей шыққан өн Ақбеттің құзын аймалап жатқандай көрінеді. Намысына тиіп шамданған жүйрік көсіліп құлашын кең жаза қыяға самғайды. Өншінің зор даусы қазақтың төртбақ, еңсесіз, жатаған тар үйінің аумағына сыймай, терезеден лықсып далаға шырқап, көрші үйлерге де жетіп жатады. Өнерінің ішіндегі ең асылы, абзалы өн болған қазақ өн естігенде, әсіресе, сұлу ғажайып өн естігенде отыра алсын ба, олар өн шыққан үйге қарай анталайды. Терезеден телміре қараған көздер көбейе береді. Ол көздер өншіге өзгеше бір сүйіспеншілік білдіргендей. Өн бірде нәсерлеп, бірде баяулап, тамылжыған тәтті үнмен барып аяқтала беріп еді.

— Ой, қарағым, өркенің өссін!

— Бағанадан бері өннің де, өншінің де қайда екенін білмей отыр екенбіз ғой.

Ал бағанағы төрде мықынын таянып жатқан мырза:

— Сен Жарылғаптың өзісің бе, көзісің бе? — дейді.

— Өзі десеңіз өзімін, көзі десеңіз көзімін, — дейді Жарылғап сабырлы қалыппен.

— Маған жұрт айтқан Жарылғап осы секілді еді, — дейді бағанағы сәлем алған селдір мұртты, жұпыны киінген қарт көрдім деген жандайшапқа қарап.

Өншіге де, оның жолдастарына да енді қайта құрмет басталды. Оларды болмай жоғары отырғызды, қайта қайнап шай да келді. Енді ол бұрынғыдай сыйықсыз емес, жүзі күреңітіп бабына келеді. Паңсынған мырза

мен оның жандайшаптары да жақсы өн мен өнерпаз өншінің алдында мысы құрып, амалсыздан бас иеді.

Жәкең мұнан соң көптің сұрауымен:

— Қарғам-ау, сен қалайсың мен дегенде, Құрылды-ау, ынты зарым сен дегенде, — деп, «Қарғам-ау» өніне шырқап кетті. Жас жүректің ыстық лебі, жан арманы, махаббат сыры өнші даусының ырғақты толқуымен, ғажайып нәшімен сезімтал жүректерге қозғау салып, тәтті қыялдарын тербеді. Жас жүректер өншіге сұқтана қарап, оған қатты разы болысып отыр.

Жәкең ең соңында бағанағы сәлем алған қартқа сүйсініп:

— Отағасы, мына әнді әдейі сіз үшін айтамын, — деп өзінің «Топайкөк» деген өніне салады.

— Рақмет, қарағым, рақмет! Мәртебең өсіп, өнерің артсын, — деп қарт оған аталық батасын берді.

Боран ашылмай Жәкеңдер он бес күндей осы ауылда жатады. Жәкеңдерді қолдан-қолға түсірмеді, Жарылғаптың өніне құмартқан көрші ауылдар да оларды қонаққа шақырды. Жәкең осы мәжіліс-кештерде өн шырқап, оларды риза ғып кете барды. Өнші өнершіл елінің құрметін сый деп түсінді. Өн қадірін, өн қасиетін білетін қауым оның өндерін үйреніп алып, осы төңірекке жаяды. Енді, міне, ауыздан-ауызға көшіп, ақыры кеп өн өз мұрагерін тапты. Жас ұрпаққа, сендерге кіршіксіз жетті, — деп Базакең әңгімесін аяқтайды.

Т. Ақшолақов.

## А Н А М А

Бейне бір секілдісің жасыл емен,  
Кетерде мойыныңа асылып ем.  
Артыма жалт бұрылып қарағанда,  
Көзіңнің жасырып ең жасын менен.

Ұнады көз жасыңды жасырғаның,  
Үлкен ғой, ана, жүрек, асыл жаның.  
Отанның қай шетінде жүрсем дағы,  
Ойымда өзің барсың, қасыңдамын.

Жас еңбек, айтшы, зая кетпеді ме,  
Алма ағаш ауладағы көктеді ме?  
Көктем ғой келе жатқан жұпар желді,  
Күт мені келер жылдың көктеміне.

Толсын деп қызғалдақты гүлге далам  
Адымды минут сайын ілгері алам.  
Қолыма ғылым деген жолдама алып,  
Қанатты қарлығашпен бірге барам.

Білемін сонда тасып күлеріңді,  
Мақтаныш етеріңді түлегіңді.  
Жайылып жаз құшағың қарсы алдымнан,  
Басарсың жүрегіме жүрегіңді.

Анашым, екі етпесің тілегіңді,  
Мақсатым қолың бұлғап, міне, күлді.  
Ай өтсе арман қолың созды бері,  
Алдыма алып келіп гүл өңірді.

Сағындым, салқын самал ауыл бағын  
«Кел» деген тілегіңді қабылдадым.  
Толқынды тоқтауы жоқ жас жігерді,  
Арнамас туып өскен ауылға кім?!..

Өмірдің маған қойған талабы ірі,  
Сеземін түсінесің, ана, мұны.  
Өтуде минуттарым, сағаттарым,  
Болуға Отан ұлы, адам ұлы.

Т. МОЛДАҒАЛИЕВ.



# Тыңдағы мектеп түлектері

Жасының сегізде ғана екеніне қарамас-тан, Наденька Лисицкаяны Новочеркас совхозының ескі тұрғыны деуге болар еді. Өйткені ол шешесімен, апасы Валямен бірге әкесіне, совхоз директорына, келгенде ел аузында жүрген «Совхоз» деген сөз болмаса, шаруашылықтың өзі атымен жоқ-ты. Мынау түзу көшелер, еңбек үніне бөленген мастерскойлар, мынау әдемі мектеп тек қыял дүниесінің елесі ғана болатын.

Таза ауада шатырда жату қандай көңілді, жаңа ғана тілінген тыңның майда топырағын басып жалаңаяқ жүгірсең, аяғыңа салқын қандай ұнайды, тракторшы Виктор Шкатовтың көрген-білгенін айтқанын тыңдау ше? Төңірегіндегі өмірдің тасқынына түскен Наденька бір сәтке мектеп туралы ойлауды да ұмытып кетіп еді.

Әкесі бір күні:

— Шырылдауық шегірткем, мә әліппе, бірінші сентябрьде мектепке барасың, — деді қызына.

— Тракторшылар сыяқты шатыр ішінде сабақ оқыймыз, алақай! — деп қуанды балақай.

— Шатырда емес, нағыз мектепте де. Екі қатарлы үйдің бөлшектері әкелінгенін көрмедің бе? Сол сендердің мектептерің, — деді Федор Иванович.

Мектепті салуға жас жұмысшылар да, оқытушылар да, оқушылар да қатысты. Мұнда тіпті бірінші кластықтар да қағажу қалған жоқ. Рас, оларға шеге қаққыза қоймады, бірақ бір-бірлеп кірпіш тасуға рұқсат етті.

Бірінші сентябрь күні Москванын, Алматының мектептеріндей мұнда да, жаңа совхоздың Астраханка селосында да класс бөлмелерінің есігі кең ашылды. Есіл бойындағы тыныштықты жарып, қоңырау дауысы шылдыр етті.

Алғашқы қоңырау дауысы жеңілген қыйыншылықтың қуасындай есте қалды.

Ал, қыйыншылық дегеніңізді үлкендер де, бөбектер де кездестірді. Тыңдағы тұңғыш қыс өте қатты болды. Надя болса мұндай долы боранды әлі күнге көрмеп еді. Тәулік бойы, пеш жаққанмен класс іші бір жылынбай да қойғаны бар. Мектеп жанындағы ауа райын бақылау станциясының градуснигі — 40° тан бір төмен түспей тұрып алды.

Терезелерді, бұрыш пен төбені қалың қырау басып кетті. Бірақ сонда да сабақ үзілмеді: оқушылар сондай суықта құрылыс салған өздерінің комсомол ағаларына ұқсап бақты.

Балалардың ересектеулері киім ілгіштер жасады, парталарды құрастырып, бояды, төменгі класс балаларына есеп шот та жасап берді. Алдындағы ағалары үлгілі іс істегенде, інішектер қарап қала ма: есеп сабағында өздеріне керекті таяқшалар жонып, сыя сауыт үшін қалталар тігіп алды.

Көппен көрген қыйындық та қыйындық болып көрінбейді. Жазған әрпің қыйқы-жыйқы болып шықса, не істемексің? Бірақ бір жолдан соң бір жолды тізіп, сарылса да отыра білді. Дәптердің соңғы бетіне жеткенде әніптер де жөнделді-ау, қатал деген Мария Федоровна да мақтады.


Әркімнің өз қыйындығы, өз кемшілігі бар ғой. Кластағы ең шымыр, ең кіші Еркетай Елібаевқа орыс тілі сабағы қыйынға түсті. «Шу-ра мек-теп-ке кел-ді» дегенді буыңға бөліп оқу да қыйналтты-ау. Бірақ кара шашты қазақ баласының қасына сары шашты Надя келіп, ұстазына ұқсап, Еркетайға оқуды үйретіп жатқанын жиі көруге болатын еді.

Тракторшы Жуктың қызы Катя шыдамсыз-ақ еді. Бәрін де ол тез ұғар еді, тез оқыр да еді, санды тез санар да еді. Бірақ еңбек пен төзімділік бірікпесе бола ма, онсыз береке шыға ма? Қарт ұстаз, көпті көрген Мария Федоровна Тосенко кішкентай Катяны еңбексүйгіштікке, төзімділікке үйретті.



Ағаш қобди жасаушылар. Вова Морозов пен Болат Әбдібаев. Текелі орта мектебі.





Жас радистер Виктор Албаев пен Коля Зайкин  
дедектор қабылдағыш жасау үстінде.

Арада бір жыл өтті. Бірінші кластағылардың бәрі де жақсы үлгіріп, екінші класқа көшті. Надя енді жазу үстінде сыясын тамызып алып, жылауды да қойған. Бұл бір жылда ол көп нәрсені үйренді — ол енді ағаш та еге біледі, талдан қорап та тоқыйды, ал оның тіккен ісі «Шебер қолдар» көрмесінде таңдаулы орын алды.

Бір жылдағы өзгеріс те көп. Сонау бұрыштағы үлкен бөлмеге балалар қандай үйір. Бұл — мастерской. Оның сәресінде ұқыпты жыйылған слесарь аспаптары жатыр. Үш верстак тізіле қалыпты. Мұнда кірсең жас қарағайдың, жаңа тактайдың исі аңқыды.

Таяуда тағы бір аспап әкелінді бөлмеге. Оның бүйірінде әдемі әріптермен «Пионер» 1955 жыл», — деп жазылған. Бұл токарь станогын Ленья Ляшенко, Вася Романенко, Виктор Котельников үшеуі жасады.

Ағаш кесуді, жонуды немесе винтті бұрап бекітуді тек ер балалар ғана біледі деп ойлайсың ба сен? Жоқ, тіпті де олай емес. Станокты орнатарда тактайын кесіп қыюлап берген алтыншы кластағы Галя Уманская мен Тамара Дмитриева.

Галя сүргімен тактайды қандай тегістей біледі — мұны ол осы мектепте үйренген. Галя істі де жақсы тігеді.

Тың мектебінде қызық істер көп-ақ! Совхозды метеорологиялық мағлұматтармен қамтамасыз ететін де мектеп оқушылары.

Ауа райының қандай болатынын оқушылар алдын ала негізінен болжай да біледі.

Борасын жүріп терезе алдындағы жеміс бағын қар басып қалғанда, жас табиғат зерттеушілер қыста не жұмыс істей алады дер еді-ау білмеген адам. Алма ағаштың жапырағына құштар дала қоянын жолатпай қуғаннан басқа не жұмыс бар.

Мұғалімдер бөлмесіне кірсең, қоңыр жасыл түсті жатаған өсімдігі бар құмыраны көрер едің. Бұл мақта — оңтүстіктің өсімдігі, мынау солтүстіктің қысында көк қалпында тұра алар ма екен, жоқ па екен — пионерлер осыны білгісі келеді. Мүмкін тіпті қауашақта салар. Екінші құмырада екінші тәжірибе жүргізілген. Онда құлқайырдың, әрбір украин үйінің есігі алдында өсетін құлқайырдың бұтасы көгеріп өсіп тұр. Бұл тау беткейлерінде, көк шалғымда жаз бойы қаулап өсіп, бас салып содан соң жапырағы түсіп, сабағы қурап, келесі көктем келгенше сол қалпында жататын бұл құлқайырды жыл бойында мәңгі көгеріп тұратын өсімдікке айналдыруға болмас па екен? Балалардың ойы осы. Бұл екі тәжірибенің жемісін алдағы уақыт көрсетпекші.

Балалар тағы басқа да тәжірибелер жасады. Мектеп жанындағы учаскеке жоғарғы сапалы картоп берілді. Әрқайсысының салмағы 600—700 грамнан! Жас табиғат зерттеушілер жазда өсірген картоптарының жақсымарын совхозға тұқым қоры үшін сыйлады. «Маяк» деген помидор сорты да көрген жұртты сүйсіндірді.

Совхоздағы балалар үлкендердің жақсы жәрдемшісі болып өсіп келеді. Егін жыйнау кезінде жетіншікластықтар картоп жыйнады, қырманда астық тазаласты.

Бірінші кластың да, үшінші кластың да, жетінші кластың да балаларымен сөйлесіп көр, бәрі де мақтанышпен:

— Біздің совхоз! — дейді.

— Біздің совхозға бау-бақша керек! — осы ұранды балалар жүзеге асырды, агрономның басшылығымен питомник екті. Бұл — болашақ бақша.

— Біздің совхозда жалқаулыққа жол жоқ! Жас бөбектер дұрыс айтады! Оларда быйылғы оқу жылында әлі бір де-бір екілік баға болған емес.

Оның есесіне совхоз да жас жеткіншектерден ештеңе аямайды. Радист комсомолец Виктор Канонович радио үйірмесін басқарады. Жетінші класс түгелдей үйірме сабағына қатысады.

Мұнда автомашина үйірмесі де жұмыс істейді. Техникалық кабинетте іштен тұтанатын двигательді үйреніп жүр. Тың жердегі жана совхоздың балалары осылай еңбексүйгіш болып өсіп келеді.

**О. Симакова,**

Ақмола облысы. Новочеркас совхозы.



## Ұлы достық туралы әңгімелесу

Бір кездерде Шығыс Қазақстанға Қытайдың жас мамандары тәжірибе алу үшін келген еді. Олар рудниктерде жұмыс істеп озат еңбек әдісін үйреніп жүрді. Қытайдың жас жеткіншектерінің де Өскеменде болып қайтқаны бар. Қаланың балалары оларды пионерлер Үйіне шақырып, қаладағы пионер активімен кездестірді.

Пионер үйіне қаланың барлық жағынан қырмызы қызыл жалау көтеріп, пионер кернейін тартқан отрядтар ағытылып келіп жатты. Осылардың ішіне бір отрядтың көтерген туы өзгеше көрінді — туға жұлдыз алтын зермен тігіліп, шырақ орнатылыпты. Балалар мұнымен қабат жібектен кестеленген қытай халқының көсемі Мао Цзэ-дунның суретін алып келеді. Қытай балалары ту мен суретті көргенде көңілденіп сала берді.

— Сіздер қытай пионерлерінің туын қайдан алғансыздар? — деп сұрады олар. — Мына сурет қайдан келген?

Міне, сонда қытай балаларына Өскемен қаласының Ленин атындағы мектеп оқушыларының берген жауады мынау болды.

Ленин атындағы мектептің пионерлері Тяньцзин қаласындағы төртінші мектептің оқушыларымен хат жазысты. Олар алыстағы қытайлық жас достарға өздерінің өмірі, оқуы және мектеп маңындағы учасюкте жүгері өсіріп жатқаны туралы, жазда қалай дем алмағы туралы айтты. Тяньцзин пионерлері Өскемендіктерге өздерінің мектебінің жайын, орыс тілін үйреніп жүрген «достық» қоғамының жұмысын, бұл қоғамда совет елінің өмірімен танысып жүргендерін жазды. Бір жазған хаттарында қытайлық жас достар, горн мен барабаны жоқтығын хабарлады.

— Ол жас достарымызға горн мен барабанды жіберуіміз керек, — деді дуылдасып, алтыншы «А» класының оқушылары.

Пионерлер өздерінің алыстағы жас достарына бұл алғашқы сәлемдемелерін зор ықпалмен жіберген еді. Көп ұзамай-ақ оларға мынадай хат келді:

«Біз сіздердің сәлемдемелеріңізді алып қуандық, жас достар! Өзіміздің жоқ нәрсемізді айтқанымыз болмаса, сендер оны жібере қояды деп ойламаған едік. Сендер өте елегіш жақсы балалар екенсіңдер. Бұларыңа біздің мектептегі барлық пионер коллективі атынан зор алғыс айтуға рұқсат етіңіз-

дер. Жаңа Қытайдың пионерлері сіздерді және Советтік Социалистік Республикалар Одағын жанындай сүйеді. Біздер совет музыкаларын көп тыңдаймыз, совет кино фильмдерін жиі көріп тұрамыз. Жуырда біз Вера Кетлинскаяның «Ерлік» повестінің қытай тіліне аударылған кітабын талқыладық. Сонан кейін «Комсомольск» кино фильмін көрдік, Чайковскийдің, Мусоргскийдің, Глинканың музыкаларын тыңдадық. Біздің балалар Тяньцзин халық кітапханасы В. И. Ленинге арнап ұйымдастырған көрмені барып көрді. Біз «Ленин мен пешші», «Үлкен ағаш» деген екі суретті сіздерге құрметпен жолдап



Өскемендіктер қытай достарынан хат алды.

отырмыз. Бұның екеуі де В. И. Лениннің өміріндегі оқыйғалардан алынып жасалған. Осы екі сурет бірнеше жылдан кейін, Ленин есіміндегі мектепті бітіріп кеткен күндерінде, біздің осы достық қатынастарымызды сендердің естеріңде сақтаттыратын болсын дейміз...»

Балалар сәлемдемені, ішіне салынған суреттерді байыппен ашып көрісті. Олардың астына қытайша жазылғанымен, бірақ жазуын оқымастан-ақ Ленин өмірінен алынған бұл екі суретті балалар оңай таныды. Суреттерді балалар жаңадан ұйымдастырылған мүйістің ең жоғарғы жағына қойды да, достық мүйісі деп атады. Достық мүйісі күннен-күнге ұлғая берді. Бір күні хат та-



оушы мектепке хат орнына сәлемдеменің хабарын әкелді. Тяньцзин мектебінің пионерлері Өскемендік достарына қытай пионерлерінің туын және жібекпен кестеленген Мао Цзэ-дунның суретін жіберіпті. Олардың арасынан сол мектептің суреті де, шыныдан шебер жасалған жүзімнің бұтасы да, тағы басқалары да шығып жатыр.

Қыйырдағы Қытайға бұдан кейін тағы да хаттар жіберілді. Олардың ішінде сәлемдемеге айтылған ризалық алғыс, дружиналардағы жаңалықтар, «Глобус» қоғамына он бес жыл толуы тағы басқалары бар. Мектептің «Глобус» деп аталатын өлкетану қоғамы осы он бес жылдың ішінде кемінде он бес мың километр жорық жасағанын айту да ұмытылмаған. Мұның үстіне «Глобус» қоғамының балалары қытайлық достарына өз коллективі жыйнаған өлке байлығының үлгілерін ұсынды. Мұны көріп қытайлық достар қазақстанның табиғатынан, пайдалы қазбаларынан мәлімет алды.

Бұл екі мектептің пионерлері достасқалы көп болды, балалар бір-бірінің аттарын да жақсы біледі. Мысалы, «Достық» қоғамының активі Чэн Син-чжунды алуға болады. Ол өзінің Өскемендік достарына өз өмірін, өзінің жолдастарының өмірін жиі жазып тұрады. Тяньцзиннің У Хуа-цин дейтін баласының басынан ауыр азаптар кешті. Ол Индонезияда тұрып оқуға мүмкіндік таба ал-

маған соң капиталистке жалданып жұмыс істейді. Сонан кейін У Хуа-цин туған елі — Қытайға келді де мектепке кірді. Ол енді Өскемендік достарына былай деп жазады: «Мектепте талап күшті, маған да, әрине, оңай тиіп жүрген жоқ. Бірақ мен оған мойымаймын. Менің жігерім құрыштай берік те оқуға деген талабым таудай, оқыймын деген соң оқыймын.

Сол У Хуа-циннің суреті де бұл күндері достық мүйісіне ілінген. Балалар ол жөнінде көп әңгімелеседі. Олар оған орыс әліппесі мен грамматикасын жіберді, өйткені У Хуа-цин орыс тілін жақсы білуді арман етеді. Ол қайткенде Артекке бір келіп қайтуды ойлайды, келеді де!

Тяньцзиндіктердің де алтыншы класс оқушысы Коля Қасеновты білетініне кұман болмауға тиіс. Ол коллектив атынан жазылған хатқа қол қойған. Нәля Устименконың есімі де оларға таныс: ол бір хатында Чэн Син-чжунге біздің оқушыларымызға қытай тіліндегі хабарлар қатты ұнайды, пионерлеріміз қытай жазушыларының шығармаларын көп оқыйды деп жазған-ды.

Ұлы халықтар шынайы достасқанда, олардың балалары да бауырласып кететіні бар. Егер балалар бауырласып кетсе, ол ғасырдан ғасырға кететін достықтың нышаны деп білу керек.

Н. Петрова.

## ТУЫСҚАН РЕСПУБЛИКА АҚЫНДАРЫНЫҢ ТВОРЧЕСТВОСЫ

Б. САРНОГАЕВ.

### ҚЫМБАТСЫҢДАР

Аз емес дүние жүзінде,  
Алатау, сендей жер де көп.  
Аз емес дүние жүзінде,  
Бісықкөл, сендей көл де көп.

Көркі сұлу сенен де,  
Мен көрдім талай жерді де.  
Мәлдірі тұнық сенен де  
Мен көрдім талай көлді де.

Алайда, маған, Алатау,  
Қымбатсың туған амамдай.  
Сүйемін сені, Бісықкөл,  
Кіндіктес, туған ағамдай.

Өйткені, сенде, Алатау,  
Мен өскен шынар — қырғыз бар.  
Сүйемін сені, Бісықкөл,  
Сүйгені үшін қырғыздар.

Аударған М. ӘЛІМБАЕВ.

А. ОСМАНОВ.

### ШЫБЫН

Шыбын-шыбын шуылдақ,  
Шыға келер дыңылдап  
Жұмыс істен жатқандай,  
Ән салады ыңылдап.

Тамақты ол былғайды.  
Болмайды бұл шыбында ар.  
Жұытпаңдар, балалар,  
Шыбынды үйден қуыңдар!

### ИНЕЛІК

Инелік-ау, инелік,  
Іс қылудан именіп,  
Қыстың күні қарны ашып  
Жатыр мүшкіл күйге еніп.

Дос болмаймын сенімен,  
Керенаусың, инелік.  
Тамағыңды ішпедік,  
Көйлегіңді кимедік.

### ШЕГІРТКЕ

Шегіртке, шегіртке,  
Секіреді елікше.  
Ән салады нырылдап,  
Қарны тойып ерікше.

Еңбекке алған дөні жоқ,  
Бір малы жоқ өрісте.  
Бұдан өткен жалқау жоқ,  
Бұдан өткен аңқау жоқ.

Қырғызшадан аударған Ә. ДҮЙСЕМБИЕВ.



# Плакат

Анна Зегерс.

Республика орнағаннан кейін көп кешікпей, бір жаққа барған сапардан Берлинге оралғанымда, бір үйдің бұрышында Вильгельм Пиктің суреті салынған плакат ілулі тұрғанын көрдім. Плакат қасында бір топ адам тоқтап тұр екен. Олардың бірінің өңі жадыраңқы, екіншісінің өңінен еш нәрсе байқалмайды, үшіншісі ызалы, төртіншісінде түсінбеген қалып бар. Менің қарсы алдымда баласын көтеріп жұмысшы тұр екен. Баласы: «Бұл кім?» — деп сұрады.

Әкесі: «Бұл — біздің президентіміз» — деп жауап берді.

«Президент не?» — деп сұрады бала.

«Біздің енді өз мемлекетіміз бар», — деді салмақпен сөйлеген әкесі, — ол мемлекет Герман Демократиялық Республикасы деп аталады...» Сөйткенше болмай, жыйналған жұрт жұмысшыға жалт қарады, біреулер күлімсірей немесе қызыға қараса, біреулер, жас балаға осынша тәптештеп түсіндіріп тұрғаны несі мұның дегендей, кекете күліп немесе тура таңырқай қарады. «...Мемлекет деп адамдары көп, фабрикалары мен егістік жерлері бар, тәртіп сақтайтын заңдары бар елді айтады. Бірнеше адам сол тәртіптің сақталуын қадағалап отырады, олар заң шығарады, оны үкімет дейді. Сол адамдардың ішіндегі ең біріншісі және дәрежесі үлкені — президент деп аталады».

Тыңдап тұрғандар жымыйысты. Даусы басқалардың дабырын тұншықтыра, сыңғырлай шыққан бала сұрай берді: «Вильгельм Пик қалай президент болған?»

«Ол былай, — деді жұмысшы, — ол сонау неміс жұмысшыларының таңдаулылары ғана біріккен кездің өзінде де күрескен кісі. Ол кезде соғыс жүріп жатты, қалалар өртеніп жатты. Мынау осы соғыстағы секілді, ол соғыста да бай фабриканттар пайданы көп тапты. Мұны түсінген адам: «Соғыс тоқтатылсын!» — деді. Соғыс ұзай бермесін, мәселенің бәрін фабриканттар шешетін мемлекет болмасын деген таңдаулы жұмысшылар: енді өзіміз үкімет боламыз деді. Кейбір ақылы жоқтар өтірікшілердің тіліне еріп, алданып та қалды. Жұмысшылар Берлин көшелерінде шайқасып жатты...»

Бұдан әрі шыдай алмаған әлгі мырза: «Уау, бері қараңызшы! Мұндай нәрселерді балаға айтып тұрғаныңыз не?» — деді.

Бұған баланың әкесі: «Сіздің құлағыңызға жақпайды екен, тыңдамай-ақ қойыңыз. Мені мазаламаңыз, айтпеген күнде шатақ шығып кетіп жүрмесін. Бұл — өз мемлекетім, ал мына тұрған — менің президентім», — деді.

Мырза тайып тұруды жөн көрді. Бала тағы да сұрады: «Бұл неге сенің президентің болады?»  
«Жаңағы жоқ боп кеткен кісі секілді адамдар, — деді әңгімесін салмақпен сабақтай түскен жұмысшы, — бізге сол кезде де қарсы болатын. Ол уақытта өзім де дәл қазіргі сен секілді нәресте ем, сонда да болса «біз» деп айтып тұрмын. Қолдарында қару болған күнде жаңағы секілді мырзалар не істемес еді, оны шамалай бер өзің. Мені де, сені де өлтірер еді олар. Бұлардың қолында винтовкалары бар еді ол кезде. Олар, әсіресе, үш кісіні өте жек көрді. Сол үшеудің бірі — әйел еді. Оның аты Роза Люксембург болатын. Екіншісі — Карл Либкнехт дейтін. Ал, үшіншісінің есімі Вильгельм Пик еді. Соғыс кезінде сол үшеуі бірдей біздің ісіміз үшін, бейбітшілік үшін күрескен. Сондықтан да үшеуін бірдей ұстап, қамауға алды. Оларды бірге қонақ үйге әкеліпті, ол үйде офицерлер бар екен.

«Либкнехт пен Люксембургті алып кетіпті. Екеуінің де өлігін ғана көріп қалды жұрт. Роза Люксембургтің сүйегі Ландвер — каналдан шығыпты. Карл Либкнехттың денесі мортан табылыпты деген еді маған біреу. Қонақ үйге екі досымен бірге әкелінген Вильгельм Пик қысылшаңда ебін тауып қашып кетеді... Ол қаладағы жолдастарының арасында жасырынып жүреді де, қайтадан күрес жүргізе береді. Сөйтіп ол өмір бойы осылай ісгеді: жұмысшы табы үшін күресті. Міне енді президент болуы сондықтан».

«Сол сыяқты күресе берген кісі президент болар ма еді?» — деп қайтадан сұрай бастады бала.

«Бізде ғана, тек бізде ғана, — деді байыппен баланың әкесі, маңында тұрғандардың барлығы күлімсіреген кезде. — Өйткені енді нағыз өзіміздің республикамыз орнады. Ал, кеттік», — дегенді қосып қойды.

«Сен онда болдың ба? — деді әңгіменің осылай тез аяқтала қалуын ұнатпаған балақан тағы да. — Оларды апарған үйде, қонақ үйде сен болдың ба?»

«Ол кезде Вильгельм Пик қазіргі мен құралыпты болды білем, ол уақытта мен қазіргі сен секілді бала болатынмын, оны айттым ғой өзіңе. Ол кезде сен туған да жоқсың».

Сонау бір кезде өзінің дүниеге келмегені балаға ұнамады. Бірақ оған әкесі не жауап айтқанын мен ести алмадым, олар көше бойлап төмен кеткен еді.

Аударған Ә. АХМЕТОВ.



## Алғыс орнына қарғыс

Мен атымды құзға тұсап қойдым да, тауды қыялай жоғары өрледім. Аңшылық шабыт ештеңені тыңдатар емес, шыңға қарай жетелеп келеді.

Тау ішіндегі көп көздер самсай саған қарап тұрғанда аң аулау қандай қыйын.

Күз тіршілік ететін кішкентай құстар да хауіп төніп қалғанын дамылсыз шықылықтап бәршаға жая бастады. Олар сені «көзбе-көз асудан шығарып салды да, алдыңғы күзде екінші құстар жұбымен «қарсы алады», бұлар да өз кезегімен шығарып салып, кезекшілерге тапсырып отырады. Мұндай шу көтерген абыржу, шықылықтарда таутекеге жетуді ойлау да қыйын.

Сонымен, міне, шығарып салушы құстардың ақырғы жұбы да кейін қайтты. Оның орнына енді суыр шақылдай жөнеледі. Ал, онан әрі өткенде тау күркетауығы мен ұлардың шулайтынын алдын ала білемін.

Енді бәрі де артта қалды. Жым-жырт тыныштық ортасында қыялай әлі көтеріліп келемін. Шыңды қалың тұман басқан. Таутеке тап осында жасырынған.

Бір-ақ мен қанша іздестірсем де, қаншама көзімді тіге дүрбімен жықпылдарды қарасам да, айналада жосылып ізі жатқанымен, көзіме таутеке ілінбеді.

Кекіліктер де ағыза ұшып келіп, қақ қасыма пыр етіп қонады. Бірақ мен оларды атпаймын таутекелерді үркітіп алам ба деп қорқамын.

Кенет, менің маңыма ұлар пайда бола бастады. Құстың бірі шықылықтап та қалды. Мен мылтығымды иығымнан алып кезеніп үлгіргенше, жақпар тастың иінінен ұсақ тас аралас құм сау ете түсті.

— Таутеке! — деп мен мылтығымды қолтығыма қыса, ақырын келіп иіннен көз салдым. Қарасам ештеңе жоқ, бірақ оның есесіне жаңа ғана жүріп өткен таутекенің ізі, жапырылған шөптер көрінді. Таңдығы қызыл жәндіктер оларды әлі шырындап жүр.

Жүрегім алып ұшқанмен, ізді қуа жөнелдім.

Міне қызық, теке құлдығалаған сайын сүйретілген тәріздене береді, кей жерлерден жұлынып қалған жүн кездеседі, тәрізі, текенің аунағаны, не болмаса сүйретілгені байқалады. Шөптің жаңа ғана жапырылып, әлі қайта көтеріліп те үлгере алмағаны сезіледі. Сөз жоқ, теке осы маңда. Бірақ ол қайда?

Мен иіннен төмен, ылдйға көз жібердім.

Сөйтсем, ылдйдағы тастардың арасында шалқасынан аяғын шалғылап теке жатыр.

Мен оған жақын келдім.

Көз қарашығы көлденең сызықша тартылған теке, үрейлі қоңыр көздерімен маған сүзіле қарап, жым болды.

Мен оның артқы бір аяғының мүйізіне ілініп қалғанын көріп тұрмын, шамасы, теке желкесін қаттырақ қасыймын деп аяғын мүйізінің арасына сұғыңқырап жіберген де, башайы ілініп қалған. Сонымен ол, үш аяқтап шыр айналып барып құлап, төмен сырғанаған. Ақыры келіп тастың арасына бірақ тоқтаған.

Мен рюкзағымды түсіріп, мылтығымды қолыма алдым. Бірақ дәрменсіз жатқан хайуанды атуға көзім қыймады. Осы аянышпен жақын келіп мен оның артқы аяғынан ұстадым. Теке бұрыңғысынан да еңтіге, үрейлене демігіп, бұлқына түсті де тастың қуысына тығыла түсті.

Мен көйлегімді шешіп алып оның басын орай қойып ем, ол заматта тыныштала қалды. Сонан кейін мен оның артқы аяғын тағы да ұстадым да, екі тіземді мүйізіне тіреп тұрып, башайын әрең дегенде босатып жібердім.

Теке орнынан ұшып тұрды да басын шайқап-шайқап, көйлекті бірақ лақтырды. Бірақ ол қаша жөнелмеді, қайта шегінді де атылып кеп мені мүйізімен періп жіберді! Мүйіз қатты соққан мен мұрттай ұштым.

Көзімді ашсам: жартастың құлаберісінде жатыр екемін. Басым әңкі-тәңкі. Ақырын кеудемді көтеріп жан-жағыма көз жіберсем, жартастың қақ шетіндемін, төменде саңылаусыз қап-қараңғы құз...

«Опасыз теке!» деп ойладым мен, жардан сүйретіле шегініп, — Алғыс орнына қарғыс деген осы екен-ау».

М. Зверев.





# Жастықша

Әңгіме

Мамам қандай жақсы! Міне, қарашы мамам тіккен жастыққа. Мұндай әдемі жастықшаны тек менің мамам ғана тіге алады!..

Кіп-кішкентай кровать үстінде ақ простина жамылып жатқан Әмина біразға дейін ұйықтай алмады. Қолында бір жапырақ көк жастықша. Сонысын біресе төсіне басады, біресе жастығының астына тығады. Қысқасы, Әмина сондай қуанышты еді.

Бүгін оқу басталғалы үшінші күн. Мана оқытушы оған ертең кезекші екендігін ескертті:

— Мына борды өзіңде сақта,— деді бір түйір ақ бор беріп,— ертең үйіңнен тақта тазартатын шүберек ала келуді ұмытпа.

Бұл Әминаның мектеп есігін ашқалы ұстазынан алған тұңғыш тапсырмасы... Сондықтан, ол осының бәрін мамасына жеткізгенше асықты. Мамасы болса, сүйікті қызының өтінішін қуана қарсы алып, оған кіп-кішкентай жастықша тігіп берді.

Бірінші сабақ болып өтті. Балалар үзіліске шықты. Жалғыз қалған Әмина цифрлар жазылған тақтаны құнттай сүртіп, тазалады. Содан соң жастықшасын терезенің алдына қойды да, өзі далада ойнап жүрген балаларды тамашалап, сол жерде тұрып қалды.

Екінші үзілісте оның қолы тіпті бос еді. Әмина, терезенің алдында біраз тұрған соң, қатты зерігіп кетті. Әне, Асылдар ойнап жүр... Бір топ бала турникке асылып жатыр... «Мен де барып ойнап келсем бе екен?.. Әлде апай кейіп жүре ме?»

Осы оймен біраз толқыған Әмина ақыры шыдап тұра алмай далаға жүгіре шығып балаларға араласты...

Кенет қоңырау дауысын есіткен Әминаның есіне кезекші екендігі қалт түсе кетті. Класқа ентіге кірген оған оқытушы қарсы кездесті.

— Бұл қалай, Әмина, үзіліс уақытында ойнап кеткенің? Кезекші сөйте ме екен?

Қатты ұялған Әминаның беті ду етіп, қызарып бара жатты.

Әмина соңғы сабақта тым жабырқау отырды. Соншама жай айтылса да, мұғалімнің әлгі сөзі көпке дейін есінен кетпеді...

Жастықшасын сумкаға салмағаны Әминаның есіне үйге жақындап қалғанда барып түсті. Мамасы тігіп берерде «жоғалтпа, күтіп ұста» деп тапсырған. Әмина дағдарып тұрып қалды.

Ол мектепке қайта жүгірді. Әмина келген бойда терезенің алдына барды, жоқ. Тақтаның жан-жағын қарап еді, жастықша онда да жоқ болып шықты.

Қайда кетті? Әлде біреу алды ма екен?

— Жастықшам!..— деді ол жыламсырай сыртқа беттеп.

— Әмина!..

Жалт қараған ол Маратты танып кетті. Марат екінші кластың оқушысы. Ол Әминаға жаздан бері таныс, үйлері де бір көшенің бойында еді...

— Неге жылайсың? — деді Марат қасына келіп.

— Жастықшам...— деді Әмина көзінің жасын қос жұдырығымен сүртіне солқылдап.

— Жастықша! Мынау емес пе? — деді Марат күліп жіберіп, шынында да, Мараттың қолындағы Әминаның жастықшасы еді.

— Сол, жастықшам! Қайдан алдың сен?!

— Бағана үзілісте...— деп Марат бастай бергенде, Әмина қатты жұлқып, жастықшаны қолынан жұлып алды...

— Ұры! — деді Әмина булығы сөйлеп.

Марат:

— Ой, өзің...— дей беріп, кенет, Әминаның сөзін қалай түсінерін білмегендей кейін шегінді.— Не айтып тұрсың? Түу, ұятсыз екенсің?— Бұрылып алып жүгіріп кетті.

Осының бәрі қас қаққандай уақытта өтті: Әмина ашу үстінде қатты айтып салғанын сезіп, өзі де қысылып қалды. Марат жуас бала болатын. Әрі мамасы быйыл жазда өлді ғой...

— Марат! — деді ол айқайлап.

Бірақ, Марат көшенің бұрылысынан айналып кетіп еді. Әмина үйге мұңайып кірді.

— Не болды? — деді мамасы.

Әмина бар оқыйғаны айтып берді.

— Ұрлаған адам әкеліп бермес болар, қызым,— деді мамасы.

— Ол жылап кетті...

— Әрине, жылайды. Ол тақта сүртетін шүберек таба алмай жүріп, сенен сұрауға класыңа кіргенде, сен жоқ болған соң «қазір әкеліп берерміз» — деп жастықшаны алып кеткен ғой. Сен онан бұрын үйге қайтып кетіп, кездесе алмадың. Ал, әкеліп берген кезде, жазықсыз тілдегенсің... Енді онан кешірім сұрауың керек. Маған көрсетші оны, оған да жастықша тігіп берейін.

Әмина қуанып кетті.

— Қазір шақырып келейін, мама!

3. Шүкіров.



## НАҚАН ҮЛГІЛІ ОҚУШЫ



Нақан Ахмедина

Нақан үстіндегі ақ көйлекке пионер значогін тағып, мойнына қызыл галстук байлады да, сағатқа қарады. Сонан соң ол стол қасына келіп, енді сабаққа дайындалып болмай тұрмаймын дегендей, өзінің шағын денесімен орныға отырды.

Оқулықтары мен дәптерлерін реттеп алып, ол дайындалып ертеңгі сабақтың қыйыны арифметикадан бастады. Өткен ережені толық білетін Нақанға ешқандай қыйындық келген жоқ. Сонда да есеп байымдылықты керек етеді, бір жерден қателесіп кетсең есеп шықпай қалады.

Нақанның бір ерекшелігі өмірі есептің жауабын алдын ала қарамайды.

Ол алаңсыз, ойланып отырып үйге тапсырылған екі есепті де бірінен соң бірін шығарды. Есептің сандарында да, сөздерінде де, ешбір ақау жоқ. Есептің дұрыстығын тексеріп болған соң ол орыс тілі грамматикасын қолына алды.

Нәзік қолының саусағының арасындағы 86-қаламұшпен әп-әдемі, бір жері қалыңдап, бір жері жіңішке жазылған әріптерден сөз тізбектері, сөзден сөйлем құралып ақ қағаз бетіне жазылып жатты. Көшіріп болған соң, өткір ұшталған жүгымды қара қарындашымен пластмассадан жасалған сызғышын алып, суффикстердің астын сызды. Тағы да бір сабақ орындалды.

Осылай ертең болатын бес сабақты Нақан орындап болды.

Сабағын дайындап болып, далада таза ауада біраз жүріп, сергіген соң Нақан мектепке келді. Бүгін кешінде көркем өнер үйірмесінің дайындық жыйыны бар. Нақан осында жеке ән орындайды.

Мектептің VII қазақ класына келсе, балалар жыйналып қалған екен. Қатысушылар жыйналып болған соң, үйірме жетекшісі мұғалима Қайша Егінбаева жаңа жылға дайындықты бастады.

Программадағы хор «Отан», «Шаттық жыры» айтылып болған соң, жеке әндер дайындауға кірісті.

Екі-үш баладан соң кезек Нақанға келді.

— «Алтай» әнін орындаудағы кешегі кемшіліктеріңді түзедің бе? — деді Егінбаева.

— Иә, — деп басын изеп құптады ол.

Нақан кішкентай тамағын бір кенеп алып, Арықбаев тартқан домбыраға қосыла кетті.

Кешегідей емес, Нақанның даусы дірілдемеді, домбырадан озбайды, жақсы жаттыққанын білдірді.

Нақанның әнді де әлі келгенше нәшіне келтіріп жақсы орындағанына үйірме мүшелері мейлінше риза болды.

Біздің Нақан — Нұра ауданындағы, Нұра совхозындағы жетіжылдық мектептің 5-класының оқушысы. Оқу озаты. Бірінші кластан бері қарай «4» тен «5» тен басқа баға алып көрген емес. Қоғам жұмысына белсене қатысады, оқушы комитетінің мүшесі. Оның оқушылық міндетті атқаруы әр оқушыға үлгі бола алады.

Қарағанды облысы.

Е. ТӘЖИН

Мұқаба. Бірінші бет: «Алматының № 46 орталау мектебінің мичуриншілері мектеп жанындағы учаскеге тұқым сұрыптап жатыр». Суретті түсіргендер: П. Кудряшев пен Ю. Яновский. Соңғы бет: «Қар тоқтату». Суретті салған Н. Лебедев.


Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х., Ибраева А., Иманжанов М., Ыдырысов Р. (редактор), Қыйрабаев С., Нұрқатов А., Нұртазин М.

Техникалық редактор И. Перлов.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом 79, редакция журналы «Пионер».

Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Республикалық газет-журналдар баспасы.

Подписано к печати 21/II-1956 г. УГ00166. Бум. 84×108<sup>1</sup>/<sub>16</sub>—0,75 бум. 2,46 т. л. Тираж 28150 экз. Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 204.





# Бешақыттыңда



## ЖАУАПТАР

«Пионер» журналының 1956 жылғы 1-номеріндегі кроссвордтың және жұмбақтардың жауаптары.

### «КРОССВОРД»

Көлденеңінен:

5. Ленинград. 7. Балкаш. 8. Тирана. 9. Мекен. 11. Класс. 13. Алгебра. 18. Музыка. 19. Шу. 20. Ез. 21. Пушкин. 24. Антенна. 26. Намыс. 27. Перов. 31. Чкалов. 32. Қырман. 33. Котовский.


Тігінен:

1. Чекалин. 2. Ангара. 3. Табиғат. 4. Власенко. 6. Сандугаш. 9. Мишурин. 10. Жер. 12. Суриков. 14. Лашын. 15. Разин. 16. Ока. 17. Тур. 22. Жез. 23. Америка. 25. Арзамас. 28. Шолохов. 29. Румыния. 30. Москва.

### «ЖҰМБАҚТАР»

I. М. Жаманбалиновтың жұмбақтарының шешуі: 1. Қаңбақ 2. Ара. 3. Шегіртке. 4. Сүзгі.  
II. М. Қалдыбаевтың жұмбағының шешуі: бас, көз, тіс.  
III. Ә. Жүнісбаевтың жұмбағының шешуі: Глобус.

«45»




Дұрыс жауабын бірінші жібергендер:

Д. Әбжанов (Қызылорда облысы, Шиелі ауданы), Х. Әйткеева, Р. Майбасарова (Жамбыл қаласы), К. Әбікенов (Қарағанды облысы), Н. Нұрмұсаев (Талдықорған облысы), А. Төлеубекова (Аул станциясы).

## КРОССВОРД

Көлденеңінен:

5. РСФСР — дағы облыс орталығы. 6. СССР өзені. 7. Тау. 12. Ұлы жазушы. 15. Сүрлеу. 16. Тышқанның түрі. 19. Халықтық-демократия республикасы. 22. Химиялық элемент. 23. Туысқан республика астанасы. 26. Батыр қала.




Тігінен:

I. Командир. 2. Ұлт. 3. Географиялық атау. 4. Қазақстандағы көл. 8. Сусын. 9. Жәндік. 10. Волганың саласы. 11. С. Мұқановтың шығармасы. 13. Туыс. 14. Күс. 17. Сибирьдегі өзен. 18. Шеше. 20. Өзбекстандағы қала. 21. Атақты ұшқыш. 24. Қазақстандағы өзен. 25. Ауылшаруашылық құралы.

Құрастырған Е. ҚОЖАШОВ, Жамбыл облысы.


## РЕБУС



Бұл ребусты шешкенде шыдамдылық туралы қазақ макалы шығады.

Жібергендер:

Ж. Орманов, К. Лаков.



## КРИПТОГРАММА

Мына төмендегі сөздердің жауабын тауып, клеткалардағы цифрлардың орнына әріптер жазыңдар, сонда сүйікті ақынымыздың есімі мен өлеңінен үзінді шығады.

- I.—1, 15, 4, 15, 16—ескі қару.
- II.—2, 4, 2, 3—Үй бөлігі.
- III.—15, 3, 14, 2, 18—Грек мифологиясындағы герой.
- IV.—5, 11, 13, 6, 3—Бұл күн.
- V.—10, 2, 13, 2—«Қыз Жібек» операсының кейіпкері.
- VI.—9, 15, 14—Шахмат термині.
- VII.—8, 6, 17, 14—Құлыптың тетігі.
- VIII.—15, 7, 15—Жәндік.
- XI.—5, 12, 2—Жылқы түрі.
- X.—8, 6, 7, 9, 6.—Жәндік.
- XI.—2, 7, 6, 3—дыбыс мүшесі.
- XII.—5, 15—жұрнақ.

Т. ИМАНБАЕВ.

Алматы.

## ЖҰМБАҚ ✓

Әуеде ұшып жүріп ән салады,  
Келгенде, өз бабына кісі алады.  
Тұмсығы бізден бетер сондай  
өткір,  
Түтікпен тақыр жерден су алады.  
К. МАДИЕВ.  
Қаскелең ауданы.

## ЖҰМБАҚ ✓

Арқасы жерге тимеген,  
Күн қызуын білмеген.  
Жіберген Ш. ҚАЙЫРЖАНОВ.  
Ойыл ауданы.



БАҒАСЫ 1 СӨМ.

